

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

**Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ИМАРАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

ОБЩАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ ГЕОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ

**ҚР НТҚ 07-01.6-2012
НТП РК 07-01.6-2012**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, ҚР БҒМ «ҚарМТУ» РМҚК
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП,
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», РГКП «КарГТУ» МОН РК
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И
ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29 декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| КІРІСПЕ..... | V |
| 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ..... | 1 |
| 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... | 2 |
| 3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР..... | 2 |
| 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР..... | 5 |
| 5 ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫМДАРДЫ ЖОБАЛАУ | 7 |
| 5.1 Жалпы тұрақтылық бойынша геотехникалық имараттарды жобалаудағы жүктемелер мен әсерлер..... | 7 |
| 5.2 Есептік сұлба және есептеу әдісі | 9 |
| 5.3 Жобалау негіздері | 11 |
| 6 ТІРЕК ИМАРАТТАРЫ ҮШІН МҮМКІН БҰЗЫЛУ СЫЗЫҒЫНЫҢ(СЫРҒАНАУ БЕТІ) ОРНАЛАСУЫН АНЫҚТАУ | 13 |
| 6.1 Ішкі тұрақтылыққа есептегендегі тірек имараттар үшін мүмкін бұзылу сызығының(сырғанау беті) орналасуын анықтау | 13 |
| 6.2 Тірек имараттардың мүмкін бұзылу сызығының (сырғанау беті) орналасуына ішкі тұрақтылығын есептегендегі жүктемелер әсерлері | 16 |
| 6.2.1 Біртекті тұтас жүктеме әсер еткенде | 16 |
| 6.2.2 Жолақты жүктеме әсер еткенде..... | 17 |
| 6.2.3 Жинақталған жүктеме әсер еткенде | 17 |
| 6.2.4 Төгілме бетіне жанама жүктеме әсер еткенде..... | 18 |
| 6.3 Тірек имараттарды сыртқы тұрақтылыққа есептегенде мүмкін бұзылу сызығының (сырғанау беті) орналасуын анықтау | 18 |
| 7 ҮЙІНДІ ЕҢІСІНІҢ СЫРҒАНАУ КРИТИКАЛЫҚ БЕТІНІҢ ОРТАСЫН АНЫҚТАУ..... | 18 |
| 8 ТІРЕК ИМАРАТТАРДЫҢ ҚҰРАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ | 20 |
| 8.1 Тірек имаратына топырақтың активті және пассивті қысымын есептеу | 21 |
| 8.2 Тірек имараттың қабырғасына топырақтың актив және пассив қысымдарын аналитикалық әдіс арқылы анықтау | 22 |
| 8.3 Тірек имаратының қабырғасына топырақтың активті және пассивті қысымдарын анықтаудағы графоаналитикалық әдіс..... | 24 |
| 8.4 Жүктеме әсері кезіндегі тірек имаратының қабырғасына түсетін топырақ қысымын аналитикалық әдіспен анықтау | 26 |
| 8.5 Тұтас бірқалыпты жүктеме әсері кезіндегі тірек имаратының қабырғасына түсетін топырақ қысымының анықталуы | 26 |
| 8.6 Тірек имараттың қабырғасына жолақты жүктеменің әсері кезіндегі топырақ қысымын анықтау | 28 |
| 8.7 Тірек имараттың қабырғасына шоғырланған жүктеменің әрекетіндегі топырақ қысымын анықтау | 29 |
| 8.8 Тірек имараты қабырғасына үйінді беті жүктемесіне жанама, біртекті топырақ қысымын анықтау | 30 |

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

| | |
|---|-----------|
| 8.9 Аударылуға қарсы тірек имараттың қабырғасының ішкі тұрақтылығын есептеу.. | 32 |
| 8.10 Жылжуға қарсы тірек қабырғаның тұрақтылығын есептеу | 32 |
| 8.11 Аударылуға қарсы тірек имаратының қабырғасын сыртқы тұрақтылыққа есептеу..... | 33 |
| 9 ТІРЕК ИМАРАТТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ..... | 35 |
| 9.1 Тірек имаратының еңіс келбетінің ерекше жағдайлары | 35 |
| 9.2 Тірек имаратының қабырғасының құралымының келбетінің ерекше жағдайлары.. | 36 |
| 9.3 Топырақтың әр түрлі қабаттылығының әсері..... | 37 |
| 9.4 Жерасты су қысымының әсері..... | 38 |
| 10 ЕҢІСТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ | 42 |
| 10.1 Шеңбер цилиндрлік сырғанау беттерінің аналитикалық әдісі..... | 42 |
| 10.2 Графикалық әдіс. Аудандар тәсілі..... | 46 |
| 10.3 Параллель сырғанау беттерінің аналитикалық әдісі..... | 48 |
| 11 АНКЕРЛЕР ҚОЛДАНЫЛҒАН ТІРЕК ИМАРАТЫН ЕСЕПТЕУ | 49 |
| 12 ҚАДАЛЫ ІРГЕТАС ҚОЛДАНЫЛҒАН ТІРЕК ИМАРАТЫН ЕСЕПТЕУ | 50 |
| 13 АРМИРЛЕУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҮЙІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ | 52 |
| 14 ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА БАРЛАУ | 54 |
| А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Еңістердің жалпы тұрақтылығының бұзылу пішіндері | 55 |
| Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Жалпы тұрақтылықты есептеу мысалдары | 57 |
| В ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Топырақтың орташа нормативтік және есептік физика-механикалық сипаттамалары | 73 |

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық құралында қазаншұңқырлар, үйінділер, қолдан жасалған еңістер мен тұтқыр құралымдарды ұстап тұратын іргетастар манайындағы табиғы және жасанды негіздердің орын ауыстыруын мен тұрақтылығын есептеу және жобалау мәселелері қарастырылған. Тұрақтылықты сақтау шарттарын қанағаттандыратын шекті жағдайлар бойынша және жақын орналасқан имараттар мен ғимараттардың орын ауыстыруын, шекті деформация бойынша геотехникалық имараттарды жобалау әдістері ұсынылған. Соңғысы тығыз қала жағдайындағы құрылыста ерекше өзекті.

Бүгінгі күнгі Қазақстанның құрылысында заманауи геотехнологиялар трансферты, сонымен бірге заманауи жабдықтарды қолданатын шетелдік құрылыс компанияларын еліктірілуі байқалып тұр. Заманауи геотехнологияларды қолдану арқылы іргетастар мен негіздерді жобалау тәжірибесі мен нормативтік базалардың болмауы салынып жатқан геотехникалық имараттардың тұрақтылығына заманауи геотехнологиялардың әсер ету факторларын анықтауға және тұрақтылығының сапалы сараптауын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Оқу құралында геотехникалық имараттардың жалпы тұрақтылығына әсер ететін факторлар, сонымен бірге құрылыс объектілерін салудағы қолданылатын қазіргі заманғы технологиялардың әсер ететін басқа факторларын есепке алумен геотехникалық имараттарды жобалаудағы есептік жағдайлары көрсетілген.

Терең қазаншұңқырларды қолдану арқылы биік имараттарды салудағы қолданыстың ықпалды дамуы, мұндағы үйінділер мен қазаншұңқырлар еңістерінің тұрақтылығын сақтау НТҚ-ны жасаудың өзектілігі осымен байланысты болып тұр. Осы оқу құралында мүмкіндігінше тұрақты еңістерді әр түрлі әдістермен жобалау, гидрогеологиялық және жобалаудың есептік жағдайларына байланысты үйінділер мен еңістердің тұрақтылығын есептеу әдістеріне ұсыныстар, сонымен қатар салу барысында геотехникалық имараттардың тұрақтылығын барлауға ұсыныстар берілген.

Осы НТҚ халықаралық және отандық нормативтік құжаттар негізінде жасалған, яғни құрылыс жұмыстарын халықаралық деңгейде орындаудағы техникалық шарттар мен ережелерді келістіру мен гармонизациялау талаптарына жауап береді.

Осы НТҚ Еурокод ережелері мен нормаларына қарама-қайшы келмиді, геотехникалық имараттар және құралымдардың жалпы тұрақтылығын есептеудегі қосымша құжат болып саналады.

Осы нормативтік-техникалық оқулық Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде қолданысқа ерікті негізде енгізіліп отыр.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ИМАРАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

ОБЩАЯ УСТОЙЧИВОСТЬ ГЕОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Жалпы тұрақтылық талдауына кіретін геотехникалық имараттарға:

- 1) үйінділер, қазаншұңқырлар, еңістер
- 2) тірек имараттар жатады.

Тірек имараттар топырақ массивінің құлап кетуінен ұстап тұруға арналған. Тірек имараттарға:

- 1) тірек қабырғалар;
- 2) көлбеуленген негіздегі, табиғи бөктер мен үйінділердегі іргетастар;
- 3) қуыстар, қазаншұңқырлар немесе тереңдетілген имараттар манайындағы іргетастар жатады.

Осы НТҚ тірек қабырғалармен шартты түрде берілген тірек имараттар есептеулері берілген.

Тірек имараттардың тірек қабырғалардан құралымдық ерекшеліктеріне байланысты олардың жалпы тұрақтылығын талдауға алғышарттар НТҚ берілген.

Қуыстар, қазаншұңқырлар немесе тереңдетілген имараттар манайындағы іргетастар жалпы тұрақтылығын есептеу маңайында статикалық жүктеме орналасқан үйінді, қазаншұңқыр, еңіс немесе тірек қабырғаның жалпы тұрақтылығын есептеумен ұсынылған.

Шектік элементтер әдісіне негізделген бағдарламалық кешендерді БК (Plaxis, SCAD, Lira ж.т.б.) геотехникалық имараттарды жалпы тұрақтылыққа есептегенде қолдануға болады. Қарастырылып отырған НТҚ шектік элементтер әдісімен ШЭӘ есептеулер көзделмеген. ШЭӘ есептеулер ерекшеліктері көптеген факторларға байланысты (құрылыс аланының гидрогеологиялық жағдайлары, есептік сұлбасы, ШЭӘ моделі ж.т.б.). Көбінесе, БК-ны дайындаушы мекемелермен берілген нұсқауларға сәйкес ЖК (жеке компьютерде) есептеулер жасалады.

Ескертпе - Жылжығыштық деформациясы немесе тұрақтылығын бағалау есептері көбінесе негіздері көлбеу бетте орналасқан байланысқан топырақтарға жатады. Бірақ та тұрақсыздық сонымен қатар эрозия әсерінен жылжуға қарсы бұрышына жақын көлбеу болатын байланыспаған топырақтарда немесе сызықталған тау жыныстарында болады. Негіздің бетіне жақын циклдік тондану мен жібу немесе жоғары кеуектер қысымдары жағдайында бірқатар жылжуларды жиі көре аламыз.

Ресми басылымы

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық оқулықты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚН РК EN 1990:2002 A1:2005/2011 «Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері» Ұлттық қосымшасымен;

ҚН РК EN 1991-1-1:2002/2011 «Күш түсетін конструкцияларға әсер ету. 1-1-бөлімі. өзіндік салмағы, ғимаратқа түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер» Ұлттық қосымшасымен;

ҚН РК EN 1997-1:2004/2011 «Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер» Ұлттық қосымшасымен;

ҚН РК EN 1997-2:2007/2011 «Геотехникалық жобалау. 2-бөлім. Топырақты зерттеу және сынау» Ұлттық қосымшасымен;

ҚН РК EN 1998-1:2004/2012 «Сейсмикаға төзімді конструкцияларды жобалау» Ұлттық қосымшасымен.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті қолдану кезінде жыл сайын құралатын сілтемелік ақпараттық құжаттар «Қазақстан Республикасының территориясында архитектура, қала құрылысында және құрылыс саласындағы қолданылатын нормативтік-техникалық және құқықтық актілер нормативтер тізімі», «Қазақстан Республикасының стандартизациясы бойынша нормативтік құжаттар нұсқағышы «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар нұсқағышы»» арқылы әрекеттерін тексеріп алу маңызды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе) онда осы нормативті қолданар кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай күшін жойса, онда құжаттың оған сілтеме берілген орнында құжат осы сілтемені тимейтін бөлімдерінде қолданылуы керек.

3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Топырақтың активті қысымы: Тірек ғимаратының төгілме жағына жылжығанда жанданатын топырақ қысымының минималды мәні.

3.2 Ішкі тұрақтылық: Негіздің беті немесе еңіс не үйінді шегінде тірек ғимаратының тұрақтылығын тексеру.

3.3 Сыртқы тұрақтылық: Тірек ғимараты немесе үйінді шегінің ар жағында тұрақтылығын тексеру.

3.4 Әсер: Құралымдар элементтерінде кернеулер не олардың жылжуын тудыратын тікелей құралымға түскен күштер, олар *«тікелей немесе тура әсерлер»* немесе *«жүктеме»* деген атаулармен анықталады.

3.5 Гравитациялық су: Салмақ күштері әсерінен топырақтағы су.

3.6 Бұзылу сызығы (сырғанау жазықтығы): Тірек ғимараты немесе үйінді енісінің жалпы тұрақтылығын жоғалту немесе бұзылу мүмкіндігі сызығы.

3.7 Капиллярлы су: Топырақта ауырлық күш әсерінен және ойысқан менискінің

капиллярлы тарту күштерінен тұратын су.

3.8 Сенімділік еселеуіші (Тұрақтылық қорының еселеуіші): Тірек имаратының немесе үйінді енісінің жалпы тұрақтылығын жоғалту мүмкіндігін ескеретін тұрақтылығын деңгейін бағалаушы еселеуіш.

3.9 Массивті тірек имарат: Тұрақтылығы өз салмағымен қамтылатын, ал материалы көбінесе қысу кернеулері астында болатын тірек имараттар.

3.10 Есептік модель: Құралым не оның элементін талдау мақсатында қолданылатын құралымдық жүйені идеализациялау.

3.11 Топырақтың пассивті қысымы: Төгілме жағына тірек имаратының жылжуы кезіндегі іске асатын топырақ қысымының максималды мәні.

3.12 Тірек имарат: Топырақ массивінің құлауынан ұстап тұруға арналған имарат.

3.13 Шекті күй (шектеу кернеулер жағдайы): Қойылған талаптарды қанағаттандырмайтын құралымдық жүйе не оның элементінің күйі.

3.14 Жіңішке элементтік тірек имарат: Тірек имаратының тұрақтылығы іргетас тақтасының үстіндегі топырақ салмағы негізінде және аз шамасында құралымның өз салмағымен сақталады.

3.15 Қысым эпюрасы: Тірек имаратқа қысым шамасының таралуын көрсететін графикалық кейіптеу.

Осы нормативтік-техникалық оқулықта келесі шартты белгілер қолданылады:

Латын әліппесінің бас әріптері

$F(S_i)$ – ауданның жалпы белгіленуі;

F_s – сенімділік еселеуіші (тұрақтылық қоры);

F_p – анкерді(армирлеу элементі) жұлуға сынаудағы сенімділік еселеуіші;

$\sum F_v$ – барлық вертикалды күштер сомасы, кН;

$\sum F_h$ – барлық горизонталды күштер сомасы, кН;

$\sum M$ – кез-келген нүктенің манайында барлық күштер моментінің сомасы, кНм;

G – барлық салмақтық жүктемелердің тең әрекеттенгіші, кН;

G_i – шығыр салмағы, кН;

L_a – анкердің(армиру элементі) керекті ұзындығы, м;

M_d – іргетас табанының салмақ түсетін ортасына қатысты аударушы күштердің есептік моменті, кНм;

M_r – іргетас табанының салмақ түсетін ортасына қатысты ұстап тұру күштердің есептік моменті, кНм;

$\sum M$ – кез-келген нүктенің манайындағы барлық күштер моментінің сомасы, кНм;

N_i – топырақ салмағының нормальді құраушысы (N_d – активті зона, N_r – пассивті зона);

N – шығыр салмағын құрайтын нормаль G_i , кН;

Q_d – есептік жылжыту күші, кН;

Q_r – есептік ұстап тұрушы күш, кН;

$R(r)$ – дөңгелекцилиндрлік беттің (сырғанау қисығы) радиусы, м;

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

R_p – топырақ жағдайларына, қаданың көлденең қимасы мен ұзындығына, материалына байланысты горизонталды жүктемелерге қаданың есептік кедергісі, кН;

T – жылжап түсуші призманың бетіне түскен жанама жүктеменің тепе-теңдеуіші, кН;

T_i – топырақ салмағының тангенциальды құраушысы (T_d - активті зонада, T_r – пассивті зонада), кН;

X_1, X_2 – шығырлар арасында пайда болатын көлденең күштер, кН.

Латын әліппесінің кіші әріптері

b, d – имараттың (құралым, элемент) енінің (ұзындығының) жалпы белгіленуі, м;

c – топырақтың меншікті ілінісі, кН/м²;

c' – топырақ ілінісінің жанама мәндері, кН/м²;

e – кеуектілік еселеуіші;

e_a – активті қысымның интенсивтілігі, кН/м;

$e_{af}(e_{aw})$ – активті қысымның ордината эпюралары, кН/м;

h_f – сүзгіштік жолының ұзындығы, м;

h_p – жүктеме түсетін тірек имараттың қабырғасының бөлігінің ұзындығы, м;

h_q – біртекті таралған жүктемелер салмағына тең топырақ қабатының биіктігі, м;

h_w – жерасты суларының деңгейінен тереңдігі, м;

Δh – сүзгіштік жолы ұзындығында h_f су күшінің жоғалуы, м;

l – тірек имаратының артқы шегінің үстінен шоғырланған жүктеме түскен нүктеге дейінгі ара қашықтық, м;

l – сырғанау бетінің (жазықтық) ұзындығы, м;

n – имараттардың (құралымдар, элементтер) жалпы санын көрсеткіш бірлігі;

p_a – пассив қысымның интенсивтілігі, кН/м;

s – дөңгелек цилиндрлік беттің (жазықтық) доғаның ұзындығы, м;

x_0 – айналу ортасына қарасты барлық күштердің тепе-теңдік әрекетінің иіні, м;

$z(z_i)$ – қарастырылып отырған нүктенің орналасу тереңдігі (ордината), м.

Грек әліппесінің әріптері

α – топырақтың сырғанау бетінің орналасуын анықтайтын орта бұраш немесе горизонтқа сәйкес шығырдың сырғанау бетінің көлбеу бұрышы, град;

γ_b – судың өлшегіш әсерін ескере отырып алынған меншікті салмақ, кН/м³;

γ_{fs} – төгілме топырағының меншікті салмағы, кН/м³;

γ_s – топырақ түйіршіктерінің материалының меншікті салмағы, кН/м³;

γ_{sat} – суға қаныққан жағдайдағы топырақтың меншікті салмағы, кН/м³;

γ_w – судың меншікті салмағы, кН/м³;

δ – шеңберге нормальдан күштің ауытқу бұрышы, град;

ε – вертикальға қатысты қабырғаның көлбеу бұрышы, град;

θ – горизонтқа қатысты сырғанау жазықтығының көлбеу бұрышы, град;

ξ_a – топырақтың активті бүйір қысымының еселеуіші;

ξ_p – топырақтың пассивті бүйір қысымының еселеуіші;
 τ – анкер материалы мен төгілме топырағы арасындағы жылжу қарсылығы, кНм;
 φ – топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы, град;
 φ' – топырақтың ішкі үйкеліс бұрышының жанама мәндері, град;
 ψ – бұзылатын көшкін призмасының бұрышы, град;
 ω_1 – нормаль күштерінің шамасын көрсететін көпбұрыш ауданы, м²;
 ω_2, ω_3 – сәйкесінше жылжытқыш және ұстап тұрғыш тангенциальды күштердің шамаларын көрсететін көпбұрыштар ауданы, м².

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


4.1 Осы нормативтік-техникалық оқулықта геотехникалық имараттардың жалпы тұрақтылығын есептеудегі алғышарттар мен жобалау сұрақтары қарастырылған (табиғи және жасанды негіздер, таяз және терең салынатын іргетастар, ұстап тұру құралымдары, табиғи немес жасанды еңістер, үйінділер мен қазаншұңқырлар).

4.2 Осы НТҚ-да сазды, құмды, қиыршық тасты және малтатасты шөгінді емес топырақтан құралған табиғи негіздер қарастырылған. Сонымен бірге негіздер шөгінді немесе мәңгі тоңданған топырақтардан құралмаған болып саналады.

4.3 Үйінді енісінің көлбеулік бұрышы бойынша олар доғал (45⁰тен жоғары) және сүйір (45⁰тен төмен) болады.

4.4 Құралымдары бойынша тірек имараттар келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) Массивті
- 2) Жінішке элементті
- 3) Армирлеу элементтерін қолдану арқылы



1-сурет – Тірек имараттар

4.5 Тірек имараттардың массивті құралымдарының тұрақтылығы оның өз салмағымен орнықтылады, ал құралым материалы көбінесе сығу кернеулері әсерінде болады.

4.6 Тірек имараттардың жіңішке элементтік құралымдары қолданылған кезінде олардың тұрақтылығы көбінесе іргетас тақтасының үстіндегі топырақ салмағымен, аз шамасында құралымның өз салмағымен қамтамасыз етіледі.

4.7 Тірек имараттарының құралымдарында армирлеу элементтерін қолданған жағдайларында тұрақтылық көбінесе армирлеу элементтерін қысу арқылы, сирек жағдайларда құралымның өз салмағымен қамтамасыз етіледі.

4.8 Тірек имараттар материалдары бойынша темірбетон, шойтасбетон, шойтасты, кірпішті, металдан жасалған және ағашты болуы мүмкін.

4.9 Келесі факторларды еске алу арқылы тірек имараттардың материалдары таңдалынып алынады:

- 1) имарат биіктігі;
- 2) төзімділік талаптары;
- 3) суөткізбеушілік талаптары;
- 4) химиялық агрессияға төзімділігі;
- 5) сейсмотұрақтылық;
- 6) негіздік сапалығы;
- 7) жергілікті құрылыс материалдарының қолда болуы;
- 8) жұмыс өндірісінің жағдайлары;
- 9) механикаландыру құралдары;
- 10) басқа имараттармен жанасу жағдайлары.

4.10 Құрастыру тәсілі бойынша тірек құралымдар құймалы және құрастырмалы болады.

4.11 Әрбір нақты жағдайда сол ауданның инженерлік-геологиялық жағдайларына байланысты, сонымен қатар сол ауданның жұмыс жасауының нақты ерекшеліктеріне байланысты жалпы тұрақтылық сараптамасы жасалуы тиіс.


4.12 Геотехникалық имараттардың жалпы тұрақтылығын критикалық шектік күйі бойынша есептегенде топырақтың беріктік сипаттамаларының ең төмен мәндері қолданылса, ал апаттық күйі бойынша есептегенде сол бір топырақ үлгісін көптеген сынаулар кезінде алынған топырақтың беріктік сипаттамаларының қалып қойған мәндері қолданылады.

4.13 Геотехникалық имараттардың тұрақтылығының жалпы талдауы келесі түрлерге бөлінеді:

- 1) Ішкі тұрақтылық – тірек имараттың тұрақтылығын негіздің бет жағы бойынша немесе үйінді не еңіс бойынша тексеру (1.а-сурет);
- 2) Сыртқы тұрақтылық – тірек имараттың немесе үйіндінің тұрақтылығын оның шектерінен аса тексеру (1.б-сурет).

Ескертпе - Сонымен қатар ішкі не сыртқы тұрақтылықты оның жылжуына немесе аударылуына қарсы тексеріледі.

4.14 Еңіс не тірек имаратының тұрақтылығының сандық сапалығы еңіс үйіндісі не тірек имаратының жалпы тұрақтылығының жоғалтуын ескере отырып сенімділік (тұрақтылық) еселеуішімен беріледі. Сенімділік еселеуіші құралым түрі және жергілікті жағдайларға тәуелді болады.



2-сурет – Тірек имараттар мен үйінділердің ішкі және сыртқы тұрақтылығы

4.15 Артқа қарай жүрісте, жалпы тұрақтылықтың есептеуін геотехникалық имараттардың, материалдардың және армирлеу элементтерінің алдын-ала алынған геометриялық параметрлерін тексеру үшін жасалады.

4.16 Теориялық негіздерге негізделген есептерден басқа жалпы тұрақтылықтың сараптамасын келесі пунктердің бірі немесе бірнешеуін қарастыру арқылы тексеруге болады:

- 1) тәжірибелік модельдер және жүктемемен сынау;
- 2) бақылау әдістері (барлау).

Ескертпе - Осы НТҚ тәжірибелік және бақылау әдістері қарастырылмаған, бірақ оларды өткізуге алғышарттар берілген.

5 ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫМДАРДЫ ЖОБАЛАУ

5.1 Жалпы тұрақтылық бойынша геотехникалық имараттарды жобалаудағы жүктемелер мен әсерлер

5.1.1 Геотехникалық имараттарға түсетін жүктемелер былай бөлінеді:

- 1) тұрақты жүктемелер (геоқұралымдар мен имараттардан түсетін өз салмағы);
- 2) уақытша жүктемелер (құрылғылардан, уақытша құралымдардан ж.т.б.).

5.1.2 Негізгі ережелер, жіктеулер, анықтау және есепке алу ережелері, сонымен қатар олардың мүмкін үйлестірулері ҚН РК EN 1990:2002 A1:2005/2011 және ҚН РК EN

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

1991-1-1:2002/2011 нормативтерінде берілген.

5.1.3 Жүктемелер мен әсерлерді анықтау барысында имараттар мен негіздер арасында барлық әрекеттесулерін еске сақтау керек, бұған ҚН РК EN 1997-1:2004/2011 және ҚР ҚР EN 1997-2:2007 нормативтік құжаттарына сәйкес:

- 1) топырақ пен су салмағы;
- 2) негіздегі кернеулер;
- 3) жерасты сулары мен топырақтың қысымдары;
- 4) толқындар қысымдарын қоса алғанда еркін судың қысымы;
- 5) жерасты суларының қысымы;
- 6) сүзгіштік күштер;
- 7) имараттардан түсетін тұрақты және уақытша жүктемелер;
- 8) салмақтамалар;
- 9) арқан байлама күштер;
- 10) жүктемені алып тастау немесе топырақ қазбасы;
- 11) транспорттық жүктемелер;
- 12) тау жұмыстарына байланысты орын ауыстырулар;
- 13) өсімдік қабатының, ауа райының немесе ылғалдылықтың өзгерістеріне байланысты пайда болатын ісінулер мен отырулар;
- 14) шөгіп жатқан топырақ массивтерінің жылжулары мен жорғалағыштығына байланысты пайда болатын орын ауыстырулар;
- 15) қасиеттерінің нашарлауына, дисперсия, ыдырау, өзің-өзі нығыздау немесе еруіне байланысты орын ауыстырулар;
- 16) жер сілкіністеріне, жарылыстарға, дірілдеу және динамикалық жүктемелерге байланысты орын ауыстырулар мен үдеулер;
- 17) тоңданумен қатар, температуралық әсерлер;
- 18) мұздың жүктемелері;
- 19) топырақ анкерлері мен кергіштердің алдын-ала сыртқы кернеулерден кернелуі;
- 20) негативті үйкеліс жатады.

Ескертпе - Алдын-ала геотехникалық жобалау кезінде геотқұралымдарға және геоқұралымдардан жүктемелер мен әсерлердің шамалас мәндерін қабылдауға жол беріледі, бірақ сынаулар, тестілер, бақылаулық өлшеулер және басқа да міндетті шараларға тәуелді болып, болашақта өзгертулер болуы мүмкін.

5.1.4 Керек болған жағдайда:

- 1) құрылыс жұмыстарының;
- 2) нақты құрылыс аланында немесе оның жанында геотехникалық имараттардың әсерлерінің;
- 3) әртүрлі себептерге байланысты алдында болған немесе болып жатқан жылжудың (орын ауыстырудың);
- 4) дірілдің;
- 5) климаттық өзгерістер, сонымен қатар температуралар өзгерістері(тоңдану және жібу), құрғақшылық және қатты жауынның;
- 6) өсімдік қабатының болуы не болмауының;
- 7) жануарлар немесе адамдар іс-әрекеттерінің;

8) инженерлік-геологиялық жағдайлардың өзгерістерінің қосымша факторларының әсерлері есепке алынуы керек.

5.1.5 Негативті үйкеліс, көтерілу, созылу, көлденен жүктемелер мен жылжулардың пайда болуына себеп болатын сейсмикалық жүктемелер мен әсерлері жеке түрде есепке алынады, себебі геотехникалық құралымдардың жағдайына әсер етеді. Сейсмикалық әсерлерге геотехникалық құралымдарды жобалау кезінде ҚН РК EN 1998-1:2004/2012 – Топырақтың қалып қойған беріктік қасиеттерін есепке алумен сейсмोटұрақты құралымдарды жобалау атты құжатқа сүйену керек.

5.1.6 Жүктемелер үйлестірілуі ҚН РК EN 1990:2002 A1:2005/2011 және ҚН РК EN 1991-1-1:2002/2011 құжаттарына сәйкес қабылдау керек, мұнда (1) т. сәйкес әсер ету факторларын есепке алу керек.

5.1.7 Әсер ету ұзақтығын уақыт шамасындағы топырақ қасиеттерінің өзгеруін есепке алу арқылы қарастыру керек, жеке алғанда дренаждау, ұсақ түйіршікті топырақтар сығылғыштығы, консолидация, жорғамалы ісінулері ж.т.б. параметрлері.

5.1.8 Жүктемелер мен әсерлердің максималды және минималды мәндерін есепке алу арқылы айнымалы қарқынның әсері қарастырылуы міндетті.

5.1.9 Қайталанып тұратын әсерлер қайталанатын жылжулар, топырақ сұйылуы, негіздің беріктігі мен қаттылығының өзгеруіне байланысты жеке-жеке қарастырылуы қажет.

5.1.10 Негіз бен имараттың дірілдеуіне әкеліп соқтыратын динамикалық және дірілдегіш әсерлер жеке-жеке қарастырылуы керек.

5.1.11 Деформациялардың, сызаттардың пайда болуы, айнымалы су өткізгіштігі мен эрозия топырақ және бос судан әсерлері басым болған кезде ерекше есепке алынуы керек.

Ескертпе - Жағымсыз (немесе тұрақсыздандырғыш) және жағымды (тұрақтандырғыш) тұрақты әсерлерді кейбір жағдайларда бір қайнардан шықты деп санауға болады. Осы жағдайда әсерлердің сомасы немесе берілген әсерлер сомасы үшін жеке қор еселеуішін қолдануға болады. Инженерлік-геологиялық ізденістердің мәліметтері бойынша қайта көму топырақтарының көлемдік салмағының жобалық мәндері анықталады, онда жобаға сәйкестігі не сәйкес еместігі белгіленуі керек.

5.2 Есептік сұлба және есептеу әдістері

5.2.1 Жобаланып жатқан немесе салынған еңіс не тірек имараттың жалпы тұрақтылығына есептеу әдісін және есептеу сұлбасын таңдаған кезде еңістің жалпы тұрақтылығының әр түрлі бұзылу пішімдерін есепке алу қажет (А қосымшасы).

5.2.2 Қуыстар, қазаншұңқырлар немесе терең салынған имараттар манайында іргетастар және басқа геотехникалық құралымдар мен имараттар есептік сұлабаларда былай көрсетілу керек:

- 1) тұтас тепе-тең жүктеме;
- 2) тілме жүктеме;
- 3) шоғырланған жүктеме;
- 4) төгілме бетіне жанама.

5.2.3 Үйінді еңісінің немесе тірек имараттың жалпы орнықтылығын есептегенде есептеу жазық жағдай болғанда – имараттың 1 м ұзындығы бойынша, ал кеңістік есептік жағдай болғанда имараттың тұтас ұзындығына немесе шектелген бөлігіне жүргізіледі.

5.2.4 Үйінді еңісі немесе тірек имараттың жұмыс ерекшеліктеріне және инженерлік-геологиялық жағдайлары бойынша анықталатын үйінді еңісі немесе тірек имараттың мүмкін болатын тұрақтылығын жоғалту пішініне таңдалынып алынған есептік сұлба сәйкес болуы керек.

5.2.5 Тірек имарат үйіндісінің жалпы тұрақтылығының негізгі есептік сұлбалары 3-суретте берілген.


5.2.6 Үйінді немесе тірек имараттың еңісінің мүмкін болатын бұзылу пішінін алдынала анықтауға қиын болған жағдайларда екі немесе бірнеше мүмкін болатын сұлбаларға байланысты комплексті есептеулерді жүргізу керек.

5.2.7 Қарастырылып жатқан есептік жағдайда айрықша жағымсыз жағдайларды анықтау үшін гидрологиялық мәліметтерден және натурлық бақылаулардан жобалық бос сулар деңгейлерін алу керек. Дренаж, сүзгілер немесе нығыздаулардың бұзылу мүмкіндіктерін есте сақтау керек.


5.2.8 Бөгеттің қирау салдарынан су резервуарлары не каналдың құрғап қалу мүмкіндіктерін есте сақтау керек. Маңызды емес функционалды шектік жағдайларды анықтағанда сулар деңгейі мен кеуектегі су қысымдарын қолдануға болады.

5.2.9 Бос су деңгейінің тез төмендеуі және ең жоғарғы жер асты суларының қалыпты сүзгішітігі жағалық еңістерге айрықша жағымсыз гидравликалық жағдайлар болып саналады.

5.2.10 Кеуектік су қысымдарының жобалық таралымын есептеу барысында топырақтың біртектілігін мен суөткізгіштік анизотропиясын ескеру қажет.



3-сурет – Негізгі есептік сұлбалар



3-сурет – Негізгі есептік сұлбалар (жалғасы)

5.3 Жобалау негіздері

5.3.1 Тірек имарат немесе үйінді еңістерінің жалпы тұрақтылығына есептеулерді жүргізу үшін топырақ негіздері бойынша құжатталған не басқа түрдегі нақты анықталған мәліметтер керек, онда алынған имаратқа күтілетін геотехникалық қасиеттерге ие топырақ түрі келтірілуі керек, олар:

- 1) құрылыс ауданы бойынша жалпы инженерлік-геологиялық жағдайлары туралы мәліметтер;
- 2) еңістің берілген келбеті;

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

- 3) есептік көлденен бойынша геотехникалық қима;
- 4) еңіс пен оның негізін құраушы топырақтардың есептік физика-механикалық мәндері;
- 5) гидрогеологиялық мәліметтер;
- 6) уақытша және тұрақты есептік жүктемелер.

Ескертпе - Топырақтағы статикалық қасиеттер заңдылығы бойынша зертханалық жұмыстар мәліметтеріне сүйеніп топырақтың есептік жылжу қасиеттері анықталады. Айрықша жағымсыз жағдайларға байланысты сынақтама методикасы ең жоғары түрде еңістердің жұмыс істеуін модельдеу тиісті. Зертханалық жұмыстары бойынша алынған мәліметтер ең шындыққа жанасымды болып табылады.

5.3.2 Есептеудің дұрыстық, сенімділік деңгейі еңістің, үйінділердің мен негіздердің топырақтарының есептік сұлбалары мен топырақтың жылжу қасиеттері бойынша анықталынады.

Есептеу әдісін анықтағанда келесі факторларды ескеру қажет:

- 1) топырақтың қабаттылығы;
- 2) тұтастығының бұзылуының көлбеулігі мен пайда болуы;
- 4) су кеуектілік қысымының таралуы мен сүзілуі;
- 5) қысқа және ұзақ уақытты тұрақтылығы;
- 6) жылжу арқылы жорғалау деформациясы;
- 7) бұзылу түрі (шеңбер не шеңбер емес жазық; жыныстың құлауы; ағуы);
- 8) сандық әдістерді қолдану.

5.3.3 Бұзылу бетімен шектелген топырақ немесе жартас массиві қалыпты жағдайда бір уақытты қозғалып келе жатқан қатты дене немесе бірнеше қатты денелер ретінде қарастырылады. Бұзылу беттер немесе қатты денелер арасындағы шекаралар арасы жазық, домалақ немесе одан да күрделі пішіндер түрінде болуы мүмкін. Сонымен қоса жалпы тұрақтылықты шектік жағдайлары бойынша есептеулер немесе шекті элементтер әдісі арқылы тексеруге болады.

5.3.4 Егер негіз не үйінді материалдары біршама біртекті және изотропты болса, онда көбінесе бұзылу беттері дөңгелек деп алады.

5.3.5 Ал жылжуға кедергілері әр түрлі болатын бірнеше қабаттардан құралған топырақтар еңістерде жылжуға кедергілері төмен топырақтар қабатына ерекше мән беру керек. Бұған циркулярлы емес беттердің бұзуларын сараптау қажет болуы мүмкін.

5.3.6 Ал беріктіктері біршама өзгерген бірнеше қабаттардан құралған еңістерде жылжуға беріктігі төмен қабаттарға назар аудару қажет. Мұндай жағдайларда әлбетте дөңгелек емес бұзылу беттері бойынша есептеулер жүргізіледі.

5.3.7 Қазіргі кездегі бұзылып қалған еңістерді дөңгелек не дөңгелек емес беттер бұзылулары бойынша есептеу арқылы қайтадан салуға болады. Бірақ та жалпы тұрақтылықты есептеудегі қолданылатын жеке еселеуіштер мұндай есептеулерге жарамды болмауы мүмкін.

5.3.8 Жазық қисық түрінде бағдарлаушысы бар бұзылу бетін қабылдауға болмаса, онда үшөлшемді жазықтықтарды қолдануды қарастыру қажет.

5.3.9 Еңістерді есептеу топырақ массивтерін моменттер мен топырақ массивін жылжытушы тең әсерлі вертикал бойынша топырақ массивтерінің тұрақтылығын астарлау

болып табылады. Егер горизонталды бағытта күштер тепе-теңдігі тексерілмесе онда бұзылу денесінің бөлімшелері арасында күштер горизонталды бағытқа ие деп саналады.

5.3.10 Егер негіз бен құралымның бірге бұзылу мүмкіндігі болса, онда құралымдық элементтердің қиылысы арасында қаттылықтарының әркелкілігіне байланысты негіз бен имараттың арақатынасын қарастыру қажет. Мысал ретінде қада мен иілмелі қабырғаларды келтіруге болады.

Ескертпе - Табиғи түрде құралған еңістерді жобалау алдында тұрақтылықтың жалпы коэффициент қоры туралы түсіну үшін сипаттамалық мәндерді бірінші есептеу жасау үшін қолдану әлдеқайда дұрыс болады. Инженерлік-геологиялық ізденістердің тәжірибесін қолдануға болады.

5.3.11 Көлемдік салмақтың анықталмауы оның ең үлкен және ең кіші сипаттамалық мәндерін енгізу арқылы ескеру керек, себебі жағымды және жағымсыз гравитациялық жүктемелер арасында ең нашар сырғанау беттерін есептеуде айырмашылықтары болмайды.

5.3.12 Жобалық жүктемелер астында негіздегі деформациясы жылжу немесе шөгу арқылы алаңдағы немесе оның манындағы орналасқан имараттар мен инфрақұрылым жүйелеріне болмашы деформациялар келтірмейтініне жобада көрсету қажет.

5.3.13 Еңістер мен қуыстар, орналасқан мен салынып жатқан имараттар астындағы топырақтардың жылжығыштығы мен жалпы тұрақтылығын ескеру қажет.

5.3.14 Есептік сұлбаның шың жағдайындағы мәндерін дұрыс анықтау үшін тірек имараттардың немесе еңістердің жалпы тұрақтылығын есептегенде қор еселеуішін енгізу қажет. Еселеуіш өлшемі есептеу әдісі мен басқа жағдайларға байланысты өзгеріп отырады.

5.3.15 Жалпы тұрақтылық есептеулерін кеңістік жағдайларында жылжу бөлігінің ұзындығы $l < 5h$ болғанда жасау керек (мұнда h – имараттың асты мен үсті арасындағы биіктігі).

5.3.16 Кеңістіктік жағдайындағы есептеулерді жүргізген кезде ұстап тұрушы күштерге жылжитын негіздің топырақ көлемдеріндегі алдыңғы қималарында ілінісу мен үйкеліс күштерін қосу керек. Біркелкі әсер етеін үйкеліс күштер мәндерін берілген қима бойынша топырақтың активті қысымының горизонталды құрамдастары мен үйкеліс еселеуіштер арақатынасы деп, ал үйкеліс күштерін меншікті үйкеліс пен берілген қиманың аудандарының ара қатынасы ретінде есептеуге болады.

6 ТІРЕК ИМАРАТТАР ҮШІН МҮМКІН БҰЗЫЛУ СЫЗЫҒЫНЫҢ (СЫРҒАНАУ БЕТІ) ОРНАЛАСУЫН АНЫҚТАУ

6.1 Ішкі тұрақтылыққа есептегендегі тірек имараттар үшін мүмкін бұзылу сызығының (сырғанау беті) орналасуын анықтау

6.1.1 Негіздер біршама берікті топырақтардан құралғанда тірек имаратты ішкі жалпы тұрақтылыққа есептеу қызығушылық тудырады.


ҚР ІТҚ 07-01.6-2012

6.1.2 Тірек имаратты ішкі жалпы тұрақтылыққа есептегенде мүмкін болатын бұзылу сызығын келесі келтірілеген әдістермен анықтайды:

- 1) Понселе ұсынған әдіс (Сурет 4);
- 2) Бескин ұсынған әдіс (Сурет 5).

6.1.3 Тірек имараттар үшін мүмкін бұзылу сызығын (сырғанау беті) Понселе әдісі бойынша анықтау:

- 1) A нүктесінен φ бұрышы бойынша топырақ беті BC -мен қиылысқанша дейін көкжиекке қарай шекті бос еңіс сызығын AC жүргіземіз;
- 2) B нүктесінен AB сызығына қарай $\delta + \varphi$ бұрышы бойынша болатын BB түзуін жүргіземіз;



4-сурет – Понселе әдісі бойынша тірек имараттың бұзылу түзуін анықтау

- 3) шектік бос еңіс сызықты (AC сызығын) диаметр ретінде қабылдап жартылай шеңберді сызу;
- 4) жартылай шеңбермен қиылысқанша дейін (B_2 нүктесі) B_1 нүктесінен AC сызығына дейін перпендикуляр жүргізу;
- 5) AB_2 радиусымен шектік бос еңіс сызығымен AC (D_1 нүктесі) қиылысқанша дейін доғаны жүргізу;
- 6) DD_1 сызығын BB_1 сызығына параллель жүргізу арқылы D нүктесін анықтау;
- 7) D нүктесінен тірек имараттың негізінің бетіне (AD түзуі) дейін түзуді жүргізу.


6.1.4 Тірек имараттардың мүмкін бұзылу сызығын (сырғанау беті) анықтауға арналған Бескин әдісі:

- 1) A нүктесінен шектік бос еңіс сызығын AC горизонтымен φ бұрышы бойынша топырақ бетімен BC қиылысқанша дейін жүргізіледі;
- 2) Сырғанау жазықтығын анықтау үшін бірнеше мүмкін сырғанау жазықтықтары жүргізіледі $AE_1, AE_2 \dots AE_n$;

3) Әр түрлі сырғанау жазықтықтарына $AE_1, AE_2 \dots AE_n$ сәйкес сырғанау призмалар негіздерінің аудандарын $S_1, S_2 \dots S_n$ анықтайды;

4) Алынған аудандар мәндері $S_1, S_2 \dots S_n$ графиктің ординаталарында жазылады, горизонталды ось бойынша x кесінділерінің мәндері жазылады;

5) AB сызығына қарай $\delta + \varphi$ бұрышы бойынша B нүктесінен анықтаушы BB_1 кесіндісі созылады;



5-сурет – Бескин әдісі бойынша тірек имараттың бұзылу сызығын анықтау

6) $E_1, E_2 \dots E_n$ нүктесінен анықтаушы $E_1H_1, E_2H_2 \dots E_nH_n$ түзулеріне қарай параллель түзулер жүргізіледі;

7) Алынған $ABC_1, ABC_2 \dots ABC_n$ үбұрыштарының $F_1, F_2 \dots F_n$ аудандары анықталады;

8) Алынған $F_1, F_2 \dots F_n$ аудандарының мәндері график ординаталары түрінде белгіленеді;

9) S және F қисықтарының қиылыстарының нүктесі x өлшемін анықтайды, ол ABE және BEH аудандарының қауіпті қисығына тең.


6.2 Тірек имараттардың мүмкін бұзылу сызығының (сырғанау беті) орналасуына ішкі тұрақтылығын есептегендегі жүктемелер әсерлері

6.2.1 Осы бөлімде тірек имараттарға әсер ететін келесі жүктемелер түрлері берілген:

- 1) тұтас біртекті жүктеме;
- 2) жолақты жүктеме;
- 3) жинақталған жүктеме;
- 4) үйінді бетіне жанама.

6.2.1 Біртекті тұтас жүктеме әсер еткенде

1) B нүктесіндегі (4, 5-суреттер) әсер еткендегі тұтас біртекті жүктемеге қабырғаның артқы жағынан топырақ бетімен қиылысу нүктесі сәйкес келеді, берілген топырақ бетінің топырақ бетінен h_q (6-сурет). биіктікке жоғары болады.



6-сурет – Тұтас біртекті жүктемелер әсерлерінен тірек имараттың бұзылу сызығын анықтау

2) Салмағы бойынша біртекті таралмалы жүктемеге эквивалентті топырақ қабатының биіктігі (h_q) келесі формула бойынша есептеледі:

$$h_q = \frac{q}{\gamma_{fs}}, \quad (6.1)$$


3) Бұзылу сызығы 6.1. бөлімше бойынша анықталынады

6.2.2 Жолақты жүктеме әсері еткенде

1) Егер әртекті жолақты жүктеме бұзылу сызығының жолақты жүктемені ескермей ар жағында орналасса, онда ол оның өзгерісіне әсер етпейді.

2) Егер бұзылу сызығы жүктелген аумақтағы үйінді бетіне шықса, онда тірек имаратына қысымды анықтау бүкіл жылжу призмасының орнын алып тұратын таралған жүктемені анықтау тәрізді табылады, бірақ біртекті әсер ететін жүктемелер сәкес мәндерінде ғана.

3) Егер сырғанау жазықтығы жүктеме берілген беттің ар жағынан шықса, онда соңғысы түгелдей жылжу призмасының ($G+P$) шамасына қосылады (7-сурет).



7-сурет – Жолақты жүктеме әсерінен тірек имараттың бұзылу сызығын анықтау

6.2.3 Жинақталған жүктеме әсер еткенде

Жинақталған сызықты жүктеме P тірек имаратының қабырғасының ұзындығы бағытында болса, онда сырғанау жазықтығының қисығы жолақты жүктемеге сәйкес артады (6-сурет).

6.2.4 Төгілме бетіне жанама жүктеме әсер еткенде


Тірек имаратының қабырғасының ұзындығы бағытына сызықты жинақталған жүктемесі P әсер еткенде, сырғанау жазықтығының құламалығы жолақтық жүктемесіне сәйкес жоғарылайды (6-сурет).

6.3 Тірек имараттарды сыртқы тұрақтылыққа есептегенде мүмкін бұзылу сызығының (сырғанау беті) орналасуын анықтау

6.3.1 Жалпы сыртқы тұрақтылыққа тірек имаратқа есептеме, негіздер нашар топырақтардан құралғанда, ал бұзылу қаупі топырақ негізі мен тірек имарат екеуінің ар жағында болғанда маңызда болып саналады.

6.3.2 Жалпы сыртқы тұрақтылыққа тірек имаратты есептегенде мұнда қисықсызықты сырғанау беті бойынша жылжудың болуын ескеру керек.

6.3.3 Шартты түрде қисықсызықты сырғанау беті тірек имараттың астыңғы артқы жағы арқылы өтеді деп қарастырылады (8-сурет).




8-сурет – Тірек имараттың қисықсызықты сырғанау беті

7 ҮЙІНДІ ЕҢІСІНІҢ СЫРҒАНАУ КРИТИКАЛЫҚ БЕТІНІҢ ОРТАСЫН АНЫҚТАУ

7.1 Сырғанау бетінің ең қауіпті беті еңістің табаны (ішкі тұрақтылық) арқылы өтуі немесе табанының төменгі жағынан тереңірек орналасуы мүмкін (сыртқы тұрақтылық),
Ошибка! Источник ссылки не найден..

7.2 Еңістің табаны бойынша қауіпті доғаның өтуі мүмкіндігі оның қисықтығына, еңістің өз топырағының жылжу сипатамаларының еңістің негізінің топырақ жылжу сипатамаларының мәндерінің қатынастарының мәндерінің артуына байланысты болады.

Тәжірибелік есептеулер кезінде кездесетін екі сырғанау бетінің нұсқаларын тек қана сырғанау беті негізде өте алмаған жағдайда (еңіс негізінде өте берікті топырақ) қарастыру керек.



9-сурет – Еңіске қатысты шенберцилиндрлік сырғанау бетінің орналасуы

7.3 Үйіндінің жүктелмеген еңісі бойынша өтетін сырғанау критикалық доғасының ортасын келесі ретпен анықтайды:

1) Алдын-ала екі AO мен CB түзулерінің түйісінің O нүктесін анықтайды. AO түзуін 25° бұрышпен еңістің ортасындағы жазықтыққы жүргізеді (**Ошибка! Источник ссылки не найден.**-сурет). CB түзуін еңіс жаңы және B нүктесі бойынша өткізеді, B нүктесі үйінде немесе қуыс бетінен $2H$ тереңдікте және еңіс түбінен $4,5H$ арақашықтақта жатады.

2) Бірінші жуықтауда O нүктесі сырғанау критикалық қисығының ортасы ретінде қарастырылады. Осы ортадан сырғанау қисығын өткізу арқылы алынған бөлімге қор еселеуішін анықтайды. Содан кейін CB түзуінде бір-бірінен $0,25H$ аралықта орналасқан сырғанау қисықтарының ортасы ретінде бірнеше нүктелерді тандайды және осы есептеулерді тұрақтылық еселеуішінің минималды мәніне сәйкес нүкте анықтағанша дейін есептейді.


3) Тұрақтылық қорының минималды еселеуішіне сәйкес CB түзуінде ең қауіпті сырғанау доғасының ортасын анықтағаннан кейін, осындай жұмыстарды қайта жүргізіп DE түзуі бойында ең қауіпті сырғанау қисығының ортасын CB түзуінде орналасқан критикалық қисығының оң және сол жағынан анықтау керек.

4) Ең сонында минималды тұрақтылық қоры еселеуішіне сәйкес келетін DE түзуінде анықталған ортасы бар ең қауіпті сырғанау қисығын есептік мән ретінде қабылдайды.


5) Еңіс табаны бойынша өтетін сырғанау қисығының критикалық ортасы еңіс бетінің орта қисығынан өтетін вертикаль мен нормаль аралығындағы аймақта орналасады (11-сурет). Сырғанау қисығының шығу жағындағы жоғарғы нүктесі алдындағы жасалған есептемелер арқасында таңдалынады.

6) Бірінше жақындастыру кезінде M нүктесінен H қашықтықта a бұрыш биссектрисасы арқылы ортасын тағайындайды. OM сызығының жалғасында $0,25H$ ара қашықтықтарда келесі критикалық сырғанау қисықтарын анықтау үшін орталарын қалдырады. DE кесіндісін OM кесіндісіне перпендикулярлы түзуді n -ге сәйкес селетін критикалық сырғанау қисығының ортасы арқылы жүргізеді, мұнда да $0,25H$ ара қашықтықтар тексеріс есептеулер үшін критикалық сырғанау қисықтарының орталарын белгілейді.

7) Есептік ретінде DE түзуінде орналасқан орталықтан өтетін критикалық сырғанау қисығына сәйкес келетін ең төмен тұрақтылық қор еселіктерін таңдайды.



10-сурет – Жүйелі жуықтау арқылы еңіс табаны арқылы өтетін сырғанау бетінің критикалық ортасын табу



11-сурет – Жүйелік жақындастыру арқылы еңістің негізі арқылы өтетін критикалық сырғанау бетінің ортасын табу

8 ТІРЕК ИМАРАТТАРДЫҢ ҚҰРАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ

Табиғи негізде қалалық және ауылдық өндірістік өнеркәсіптердің аумақтарында, теміржолдар мен автомобиль жолдарында салынатын тірек имараттардың жалпы тұрақтылығын есептегенде осы бөлімшенің жағдайларын қолдану керек.

Ескертпе 1 Берілген нормалар магистральды жолдар мен гидротехникалық имараттардың тірек құралымдарына таралмайды.

Ескертпе 2 Қабырғалары жұқа тірек имараттар контрофорстары мен анкерлері бар болғандарымен қоса әдетте темірбетонды болып жобаланады.

Ескертпе 3 Массивті тірек имараттар алдын-ала техникалық-экономикалық негіздеме арқасында бетон, шойтасбетонды, шойтас қалаулы ретінде жобаланады.

Ескертпе 4 Жалпы тұрақтылығы бойынша тірек қабырғалардың шектік жағдайлары келесі түрде жіктеледі:


- Аударылуға қарсы тұрақтылық;
- Жылжуға қарсы тұрақтылық.

8.1 Тірек имаратына топырақтың активті және пассивті қысымын есептеу

8.1.1 Топырақтың активті қысымы деп тірек имараттың үйінді жағына қарай жылжуы барысында топырақтың қысымының минималды мәнінің пайда болуын атайды.

8.1.2 Топырақтың пассивті қысымы деп тірек имараттың үйінді жағына қарай жылжуы кезінде топырақ қысымының максималды мәнінің пайда болуын атайды.

8.1.3 Жалпы мәліметтер (Есептік сұлба)



12-сурет – Қабырғаға күштер әрекетінің сұлбасы

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

AB – артқы шегі;

AC – тірек имараттың іргетас табаны;

AD – бұзылу жазықтығы;

α – үйіндінің көлбеулік бұрышы;

ε – тірек имараттың қабырғасының артқы шектерінің көлбеулік бұрышы;

δ – тірек имараттың қабырғасының материалы бойынша үйінді топырағының үйкеліс бұрышы (активті қысым реакциясы E_a берілген қабырғаның артқы шегінің нормалінен ауытқу бұрышы);

φ – топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы (R реакциясы берілген бұзылу түзуінің ауытқу нормалі);

θ – бұзылу сызығының бұрышы;

R – шектікке дейінгі жағдайдағы топырақ жағынан реакциясы;

E_a – активті қысымның тең әсерлі күші (реакция);

E_n – пассивті қысымның тең әсерлі күші (реакция);

G – бұзылу призмасы топырағының өз салмағы;

G_w – тірек имараттың қабырғасының құралымының өз салмағы;

G_f – тірек имараттың іргетас табанының құралымының өз салмағы.

8.2 Тірек имараттың қабырғасына топырақтың актив және пассив қысымдарын аналитикалық әдіс арқылы анықтау

8.2.1 Топырақтың активті қысымының интенсивтілігін e_a тірек имараттың ұзындығы бойынша 1 метріне сәйкес есептеме жүргізіледі, өлшем бірлігі кН/м.

8.2.2 Активті қысымның интенсивтілігі формула бойынша анықталады:

$$e_a = \gamma_{fs} \cdot z \cdot \xi_a, \quad (8.1)$$

мұнда γ_{fs} - үйінді топырағының меншікті салмағы, кН/м³;

z – активті қысымның интенсивтілігі мәні анықталанатын үйінді бетіндегі қарастырылатын тереңдік бойынша орналасқан нүктеге дейінгі тереңдігі (Сурет 12-дің B нүктесі), м;

ξ_a - топырақтың бүйірлі активтік қысымының еселеуіші.

8.2.3 Бүйірлі активтік қысымының еселеуіші келесі формуламен анықталады:

1) $\alpha \neq 0$, $\delta \neq 0$ и $\varepsilon \neq 0$ болғанда (12 Суретін қараныз)

$$\xi_a = \frac{1}{(1 + \sqrt{z_a})^2} \cdot \frac{\cos^2(\varphi - \varepsilon)}{\cos^2 \varepsilon \cdot \cos(\varepsilon + \delta)}, \quad (8.2)$$

мұнда

$$z_a = \frac{\sin(\varphi + \delta) \cdot \sin(\varphi - \alpha)}{\cos(\varepsilon + \delta) \cdot \cos(\varepsilon - \alpha)}, \quad (8.3)$$

2) $\alpha=0, \delta=0$ және $\varepsilon=0$ болғанда (12-суретін қар.)

$$\xi_a = \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right), \quad (8.4)$$

8.2.4 Горизонтальде e_{ah} және вертикаль e_{av} мәндер келесі формулалар бойынша анықталады:

$$e_{ah} = e_a \cdot \cos(\varepsilon + \delta), \quad (8.5)$$

$$e_{av} = e_a \cdot \sin(\varepsilon + \delta), \quad (8.6)$$

(8.2) – (8.6) формулаларында ε мен α мәндері теріс болса, бұл бұрыштардың таңбалары теріс болып өзгереді.

8.2.5 Активті қысымның тең әсерлі эпюралары келесі формуламен анықталады:

$$A_a = \frac{\gamma_{fs} \cdot H^2 \cdot \xi_a}{2}, \quad (8.7)$$

Егер үйінді беті бойынша біртекті таралған q күші болмаса, онда активті қысымның тең әсерлігі қабырға іргетасының табанынан $H/3$ биіктігінде беріледі.

Тең әсерліктің горизонталь E_{ah} мен вертикаль E_{av} мәндері келесі формулалар бойынша анықталады:

$$E_{ah} = E_a \cdot \cos(\varepsilon + \delta), \quad (8.8)$$

$$E_{av} = E_a \cdot \sin(\varepsilon + \delta), \quad (8.9)$$

8.2.6 h биіктігі бар тірек имаратының іргетасының алдыңғы шетіне пассивті қысымның e_p интенсивтілік өлшемі $\alpha=0, \delta=0$ және $\varepsilon=0$ шартынан анықталынады (Сурет 12):

$$e_p = \gamma_{fs} \cdot z \cdot \xi_p, \quad (8.10)$$

мұнда z – ордината, негіздің топырағының бетінен саналады, м;

ξ_p - бүйірлі пассив қысымының коэффициенті келесі формула бойынша анықталады:

$$\xi_p = \operatorname{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right), \quad (8.11)$$

мұнда φ – h тереңдігінде орналасқан топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы.


Пассивті қысымның теңәсерлі шамасы келесі формула бойынша анықталады:

$$E_p = \frac{\gamma_{fs} \cdot h^2}{2} \xi_p, \quad (8.12)$$

Пассивті қысымның теңәсерлігі қабырға іргетасы табанынан $h/3$ биіктігінде беріледі.

Пассивті қысымның соңғы тең әсерлі өлшемін E_p -нің $1/3$ ретінде қабылдауға керек, себебі шекті жылжуларды асыру кезінде ғана соққылық реакциясы іске қосылады.

8.2.7 13-суретте жүктеме болмаған кездегі e_a , e_{ah} , e_{av} және e_p қысымдарының эпюралары берілген.



13-сурет – Тірек қабырғасына топырақ қысымы интенсивтілігінің эпюрасы мен есептік сұлбасы


8.3 Тірек имаратының қабырғасына топырақтың активті және пассивті қысымдарын анықтаудағы графоаналитикалық әдіс

8.3.1 Графоаналитикалық әдіс (Понселе құралымы) Ребхан үшбұрышын графикалық құрастырылуы болып табылады, мұндағы аудан бұзылу призмасының l ұзындығына және үйіндінің меншікті салмағы γ_{fs} көбейткен мәні тең әсерлі топырақтың қабырғаға активті қысымына тең $E_{a,ref}$.

8.3.2 Ребхан үшбұрышын тұрғызу реті (14-сурет):

- 1) BC топырақ бетімен қиылысқанша дейін A нүктесінен φ бұрышы бойынша AC шекті бос еңістің сызығын өткізу;
- 2) AB сызығына қарай B нүктесінен $\delta + \varphi$ бұрышымен BB_1 түзуін жүргізу;
- 3) Шекті бос еңістің түзуін (AC сызығы) диаметр ретінде алып жартылай шеңберді жүргізу;

- 4) Жартылай шеңбермен (B_2 нүктесі) қиылысқанша дейін B_1 нүктесінен AC -ға перпендикулярларын жүргізу;
- 5) Шекті бос еңістің сызығын AC (D_1 нүктесі) қиылысқанша дейін AB_2 радиуспен доғаны өткізу;
- 6) DD_1 түзуін BB_1 түзуіне параллель жүргізу арқылы D нүктесін анықтау;
- 7) D_1 нүктесінен DD_1 радиусымен K нүктесінің орнын анықтау.



14-сурет – Активті қысымды анықтаудың графоаналитикалық әдісі

8.3.3 Төгінді бетінің бірқалыпты реттелген q жүктемесі болмаған мезетте активті қысымның қарқындылық эпюрасының төменгі ординатасы келесі формуламен анықталады:

$$e_{af}^g = \frac{2 \cdot E_{a,ref}}{l \cdot H}, \quad (8.13)$$

$$E_{a,ref} = F \cdot \gamma_f, \quad (8.14)$$

мұнда F – графоаналитикалық кұрудан алынған үшбұрыш ауданы (Сурет 14).

8.3.4 H биіктікпен берілген тірек имаратының қабырғасына түсетін активті қысымның тең әсерлілігі келесі формуламен анықталады:

$$E_a^g = \frac{e_{af}^g}{2} \cdot H, \quad (8.15)$$

8.3.5 E_a^g графоаналитикалық және E_a аналитикалық арасындағы айырмашылық 5% аспау қажет.

$$\Delta = \frac{\dot{A}_a^g - \dot{A}_a}{\dot{A}_a} \cdot 100 < 5\% \quad (8.16)$$

8.4 Жүктеме әсері кезіндегі тірек имаратының қабырғасына түсетін топырақ қысымын аналитикалық әдіспен анықтау

8.4.1 Тірек имаратына кез-келген жүктеме әсері жылжу жазықтығының (бұзылу сызығы) өзгеруіне әкелуі мүмкін.

8.4.2 Кез-келген жылжу жазықтығы үшін жүктемені есепке алғанда күш үшбұрышы жүктеме жоқ болғандағы күш үшбұрышына ұқсас болады.

8.4.3 Берілген бөлімде тірек имаратына түсетін келесі жүктеме түрлері қарастырылған:

- 1) тұтас бірқалыпты жүктеме;
- 2) жолақты жүктеме;
- 3) жинақталған жүктеме;
- 4) төгінді бетіне жанама.

8.5 Тұтас бірқалыпты жүктеме әсері кезіндегі тірек имаратының қабырғасына түсетін топырақ қысымының анықталуы

8.5.1 Төгінді беті бойынша бірқалыпты тұтас q (15-сурет) жүктемесі болған кезде қабырғаның жоғарғы деңгейінде активті қысымның интенсивтілік эпюра ординатасы келесі формуламен анықталады:

$$e_{aw} = \gamma_{fs} \cdot h_q \cdot \xi_a, \quad (8.17)$$

8.5.2 Іргетас табаны деңгейінде активті қысымның интенсивтілік эпюра ординатасы келесі формуламен анықталады:

$$e_{af} = \gamma_{fs} \cdot (h_q + H) \cdot \xi_a, \quad (8.18)$$

мұнда h_q – бірқалыпты таралған жүктеме салмағына эквивалентті төгінді қабатының биіктігі келесі формуламен анықталады:

$$h_q = \frac{q}{\gamma_{fs}}, \quad (8.19)$$

8.5.3 Қабырғы іргетасының табаны деңгейіндегі активті қысымның интенсивтілік эпюра ординатасы графоаналитикалық әдісімен келесі формуламен анықталады:

$$e_{af}^g = \frac{2 \cdot E_{a,ref}}{l \cdot (H + h_q)}, \quad (8.20)$$

$$E_{a,ref} = F \cdot \gamma_f, \quad (8.21)$$

мұнда F – графоаналитикалық құрудан алынған үшбұрыш ауданы.

Қабырғаның жоғарғы деңгейіндегі активті қысымның интенсивтілік эпюра ординатасы төмендегі формуламен анықталады:

$$e_{aw}^g = e_{af}^g \frac{h_q}{H + h_q}, \quad (8.22)$$

Ескертпе - B нүктесіне қабырғаның артқы шегінің төбесі, ал төгінді беті бойынша жүктеменің қатысы кезінде h_q (Сурет 15) нақты өлшеміне жоғары орналасқан төгіндінің шартты беті бар қабырғаның артқы шегінің қиылысу нүктесі сәйкес келеді.

8.5.4 e_{aw} және e_{af} активті қысымның интенсивтілігін құратын e_{av} вертикаль және e_{ah} горизонталь өлшемдері қабырғаның жоғарғы деңгейі сияқты, дәл солай табаны деңгейі (8.5) және (8.6) формулаларымен анықталады.

8.5.5 Активті қысым эпюрасының тең әсерлілігі келесі формуламен анықталады:


$$\bar{A}_a = \frac{e_{aw} + e_{af}}{2} \cdot H, \quad (8.23)$$

8.5.6 Табаннан активті қысымның тең әсерлігі келесі ара қашықтарда беріледі:

$$\bar{I}_0 = \frac{\bar{I}}{3} \cdot \frac{\bar{I} + 3h_q}{\bar{I} + 2h_q}, \quad (8.24)$$

8.5.7 Активті қысымның тең әсерлігін құрайтын горизонталь E_{ah} мен вертикаль E_{av} құраушылар мәндері (8.8) және (8.9) формулалар арқылы анықталады.

8.5.8 Жинақталған біртекті жүктеме әрекеті кезіндегі қысым эпюралары e_a , e_{ah} , e_{av} және e_p 15-суретінде берілген.



15-сурет – Таралған жүктеменің әрекеттілігі кезіндегі активті қысым эпюралары

8.6 Тірек имараттың қабырғасына жолақты жүктеменің әсері кезіндегі топырақ қысымын анықтау

8.6.1 Егер әркелкі жолақты жүктеме бұзылу призмасының ар жағына басып тұрса, онда ол тірек имаратқа қысым түсірмейді.

8.6.2 Егер сырғанау жазықтығы жүктелген аудан аумығына шығып тұрса, онда тірек имаратқа түсетін қысымды анықтау тұтас жылжу призмасын алатын таралған жүктемені есептегендей анықталады, бірақ біртекті жүктеменің шамасына байланысты болады.

8.6.3 Егер сырғанау жазықтығы беттегі жүктеменің ар жағына шықса, онда соңғысы түгел жылжу призмасының шамасына қосылады.

8.6.4 Егер жолақты жүктеме тірек имараттың қабырғасының артқы жағындағы үстінгі шетінен белгілі қашықтықта l түссе және бұзылудың жылжу призмасының қалған барлық бөлігін алып жатса, онда активті қысым эпюралары келесі ретпен тұрғызылады (16.а-сурет):

1) Тірек имараттың қабырғасының артқы үстінгі шетінен белгілі қашықтықта l орналасқан E нүктесінен φ және θ бұрышпен көкжиекке қарай EF және EK сызықтары жүргізіледі;

2) F нүктесінен жоғары орналасқан тірек имаратының қабырғасының бөлігіне қысым эпюрасы жүктемені ескермей сызылады;


3) K нүктесінен төмен орналасқан тірек имаратының қабырғасының бөлігіне қысым эпюрасы жүктемені ескеріп сызылады;

4) FK аралығында жататын тірек имараттың ортанғы бөлігіне ауыспалы түзу өткізіледі.

8.6.5 θ бұрышын анықтау 6 бөлімде берілген.

8.6.6 Егер жолақты жүктеме тірек имараттың қабырғасының артқы жағындағы үстінгі шетінен белгілі қашықтықта l түссе және бұзылудың жылжу призмасының соңына дейін жетпей белгілі бір d қашықтығында әрекеттенсе онда активті қысым эпюралары келесі түрде тұрғызылады (16.б-сурет):

- 1) Берілген жүктеменің бас E және соңғы E_1 нүктелерінен көкжиекке φ бұрышымен FE және F_1E_1 сызықтары жүргізіледі;
- 2) E және E_1 нүктелерінен көкжиекке θ бұрышымен KE және K_1E_1 сызықтары жүргізіледі;
- 3) F нүктесінен жоғары орналасқан және K нүктесінен төмен орналасқан тірек имаратының қабырғасының бөлігіне қысым эпюрасы жүктемені ескермей сызылады.
- 4) K_1F шегінде орналасқан тірек имарат қабырғасына жүктемені ескере отырып эпюра тұрғызылады;
- 5) FK және F_1K_1 шектерінде орналасқан тірек имараттың қабырға бөлігіне ауыспалы түзулер жүргізіледі.



16-сурет – Жолақты жүктеме әрекетіндегі активті қысым эпюралары


8.7 Тірек имараттың қабырғасына шоғырланған жүктеменің әрекетіндегі топырақ қысымын анықтау

8.7.1 Егер жүктеме шоғырланған, сызықты, біртекті таралған, тірек имараттың қабырғасының ұзындығы бойынша әрекеттенсе, онда қабырғаның жеке ұзындығын қарастырғанда берілген жүктеме шоғырланған салмақ болып саналады және бұзылудың жылжу призмасының салмағына қосылады.

8.7.2 Шарты түрде тірек имараттың қабырғасының жылжу призмасының бетіндегі P жүктеме орналасуы сырғанау бетінің орналасуына және активті қысым шамасына әсер етпиді деп саналады.

8.7.3 Тірек имараттың қабырғасына шоғырланған жүктеменің қысымы келесі түрде анықталады (17-сурет):

- 1) Жүктеме түсетін P нүктесінен көкжиекке φ және θ бұрыштары бойынша EF және EK түзулері жүргізіледі;
- 2) Қысым интенсивтілігі эпюрасына шоғырланған жүктемені ескермей үшбұрыш қосылады, оның ауданы тірек имараттың қабырғасына түскен P күшінің біртекті қысымына тең.



17-сурет – Шоғырланған жүктеме әсерінен активті қысым эпюралары

8.7.4 Тірек имаратының қабырғасына түсетін біртекті қысым шамасы келесі формула бойынша анықталады:

$$E_{ap} = P \frac{\sin(\theta - \varphi)}{\sin(\psi + \theta - \varphi)}, \quad (8.25)$$

мұнда θ – P күшін ескермей көкжиекке қатысты сырғанау жазықтығының көлбеу бұрышы, град;

ψ – бұзылу жылыу призмасының DD_1K бұрышы (13-сурет), град.

8.7.5 Тірек имаратының қабырғасына белгілі деңгейде түсетін қысым интенсивтілігінің ордината эпюрасы мына формуламен анықталады:

$$e_{ap} = \frac{2E_{ap}}{h_p}, \quad (8.26)$$

мұнда h_p – вертикаль бойынша F және K нүктелері арасындағы ара қашықтық, яғни P күш қысымының берілетін тірек имаратының қабырғасының бөлігінің биіктігі.

8.7.6 Вертикаль ($\varepsilon=0$), жазық ($\delta=0$), тірек имаратының қабырғасының беті горизонтальды болғанда ($\alpha=0$):

$$h_1 = l \cdot \tan \varphi, \quad (8.27)$$

$$h_p = \frac{l}{\cos \varphi}, \quad (8.28)$$


$$E_{ap} = P \cdot tg \varphi \left(45^0 - \frac{\varphi}{2} \right), \quad (8.29)$$

$$e_{ap} = \frac{2 \cdot P \cdot \tan\left(45^\circ - \frac{\varphi}{2}\right) \cos \varphi}{l}, \quad (8.30)$$

мұнда l – тірек имаратының қабырғасындағы артқы шеті үстінен шоғырланған жүктеме нүктесіне дейінгі қашықтық, м.

8.8 Тірек имараты қабырғасына үйінді беті жүктемесіне жанама, біртекті топырақ қысымын анықтау

8.8.1 Біртекті таралған жүктеме тегіс бетте, осы бетке жанама және интенсивтілігі t берілген күштер көпбұрышы әрекеті 18-суретте берілген.



18-сурет – Жанама жүктеме әрекетіндегі күштер көпбұрышы

8.8.2 Жанама жүктеме әрекетінен тірек имарат қабырғасына түсетін тең әсерлі қысым формуласы:

$$E_a = \Delta E_a + (G - \Delta G) \frac{\sin(\theta - \varphi)}{\sin(\Psi + \theta - \varphi)}, \quad (8.31)$$

мұнда $T = t \times l$ – жылжу призмасы бетіне түскен тең әсерлі жанама жүктеме, кН;
 l – BC ара қашықтығы, 18-сурет.

$$\Delta E_a = \frac{\cos(a + \varphi)}{\sin \Psi}, \quad (8.32)$$

$$\Delta G = \frac{\cos a}{\sin \Psi}, \quad (8.33)$$

8.8.3 Әр түрлі θ бұрыштар бойынша бірнеше сырғанау жазықтарын өткізіп және олардың әрқайсысына G , T , ΔG , ΔQ және Q мәндерін анықтағасын, тірек имараттың қабырғасына жанама жүктеме қысымының максималды мәндерін анықтайды.

8.8.4 Вертикаль ($\varepsilon=0$), тегіс ($\delta=0$), төгілме бетінің горизонтальды болғандағы тірек имаратының қабырғасы ($\alpha=0$):

$$G = \frac{\gamma \cdot h^2}{2} \operatorname{ctg} \theta, \Delta Q = 0, \Delta Q = T = t \cdot h \cdot \operatorname{ctg} \theta \quad (8.34)$$

$$E_a = \frac{\gamma \cdot h^2}{2} \operatorname{ctg} \theta \left[\operatorname{tg}(\theta - \varphi) + \frac{2t}{\gamma \cdot h} \right], \quad (8.35)$$

8.8.5 Төгілме беті бойынша жанама жүктемелігінің интенсивтілігі үшін сырғанау бетінің бұрышының θ мәндері 8.1 Кестеде берілген

8.1-кесте – Сырғанау бетінің бұрышының θ мәндері

| | | | | | | | |
|-----------------------------|--------|----------------|---------------|----------------|---------------|----------------|-----------------|
| Интенсивтілік t , кН/м | 0 | $0,05\gamma h$ | $0,1\gamma h$ | $0,15\gamma h$ | $0,2\gamma h$ | $0,25\gamma h$ | $0,289\gamma h$ |
| Бұрыш θ , град | 60^0 | 55^0 | $50^0 30'$ | $42^0 30'$ | $33^0 30'$ | 20^0 | 0 |

8.8.6 Төгілме бетінен қандай да бір тереңдікте z қысымды анықтау үшін (8.5.6)-ны h ты z -қа ауыстырып (мұнда z функциясының θ бұрышы) дифференциалдау қажет.

8.9 Аударылуға қарсы тірек имараттың қабырғасының ішкі тұрақтылығын есептеу

8.9.1 Имарат пен топырақ бір бүтін ретінде қарастырылады.

8.9.2 Бұзылу мынадай жағдайда пайда болады, егер мүмкін аударылу O центрі бойынша жылжу денесіне әсер ететін аудару күштері M_d есептік моменттері M_r нүктесі бойынша ұстап тұру үйкеліс және ілініс күштерінің есептік моменттерінің мәндеріне жетіп қалғанда.

8.9.3 Келесі шартты орындауға есептеме беріледі:

$$F_s \leq \frac{M_r}{M_d}, \quad (8.36)$$

мұнда M_d – есептік аудару моменті, іргетас табанының ауырлық центріне қатысты қабырғаға түсетін барлық күштердің есептік моменттерінің алгебралық сомасына тең, кНм;

M_r – сол нүктедегі ұстап тұру күштерінің есептік моменті, кНм;

F_s – имараттың тағайындалуы бойынша сенімділік еселеуіші, 8.2 Кесте бойынша алынады.

8.10 Жылжуға қарсы тірек қабырғаның тұрақтылығын есептеу

Жылжуға қарсы қабырға орнының есептемесін қабырға табаны (жазық жылжу) мен сырғанау беттері (тереңдегі жылжу) бойынша жасау керек:

$$F_s \leq \frac{Q_r}{Q_d}, \quad (8.37)$$

мұнда Q_d – есептік жылжу күші, мүмкін болатын жылжу бағытына жылжу күштер проекциясы сомасына тең, кН;

Q_r – есептік ұстап тұру күші, мүмкін болатын жылжу бағытына ұстап тұру күштерінің проекция сомасына тең, кН;

F_s – имарат тағайындалуы бойынша сенімділік еселеуіші, 8.2. Кестесі бойынша алынады.

8.2-кесте – Сенімділік еселеуіш мәндері


| Ғимарат классы | F_s еселеуіші |
|--|-----------------|
| I-класс. Әлеуметтік және халықшаруашылық маңызы жоғары негізгі имараттар мен ғимараттар, оларға ЖЭС, АЭС корпустары, домна пешетрінің орталық түйіндері, 200 м жоғары түтін мұржалары, телевизиялық мұнаралар, ЕАСС магистральды жүйелерінің имараттары, 10 мың м ³ асатын мұнай мен мұнай өнімдері резервуарлары, трибуналары бар жабынды спорттық имараттар, театр, кинотеатр, цирк, жабын базар, оқу имараттары, мектепке дейінгі мекемелер, ауруханалар, перзентханалар, музей, мемлекеттік архив ж.т.б. имараттар кіреді. | 1,5 |
| II-класс. Әлеуметтік және халықшаруашылық маңызы жоғары негізгі имараттар мен ғимараттар (өндірістік, ауылшаруашылық, тұрғын-азаматтық және байланыс имараттары I және III классқа кірмеген) | 1,4 |
| III-класс. Әлеуметтік және халықшаруашылық жағынан шектеулігі бар имараттар мен ғимараттар: таңдау мен қаптау процесстері болмайтын ауылшарушылық дәнді-дақылдарды, | 1,2 |

| | |
|---|--|
| тыңайтқыштарды, химикаттарды, көмір, шымтезекті сақтайтын қоймалар, жылыжайлар, кешетхана, бірқабатты тұрғын үйлер, сым байланыстар тіреулері, тұрғын орындарын жарықтау тіреулері, қоршаулар, уақытша имараттар мен ғимараттар | |
|---|--|

8.11 Аударылуға қарсы тірек имаратының қабырғасын сыртқы тұрақтылыққа есептеу

8.11.1 Сыртқы тұрақтылыққа тірек қабырғаларды есептегенде тірек имаратының іргетас табанының төменгі жағы мен қабырғасының қиылысу нүктесінде дөңгелекцилиндрлік беттің бұрылу ортасында алынады.

8.11.2 Жер беті, қабырғамен, алынған аударылу ортасы бойынша шеңбермен шектелген топырақ массивінің (құралымдармен бірге) тұрақтылығы қарастырылады (19-сурет).



19-сурет – Шеңберцилиндрлік беттер бойынша тірек қабырғаның тұрақтылығын анықтауға есептік сұлба

8.11.3 Имарат пен топырақ бір тұтас жүйе ретінде қарастырылады. Жылжу денесіне мүмкін аудару O ортасы бойынша аудару күштерінің есептік моменті M_d ұстап тұру үйкеліс күштері мен ілінісу күштерінің шектік есептік моменттерінің мәндеріне жеткенде шеңбер доғасы бойынша бұзылулар туындайды.

8.11.4 Беріктік пен тұрақтылықты көрсететін шектік күйлер мынадай түрде болады:

$$F_s \leq \frac{M_r}{M_d}, \quad (8.38)$$

мұнда M_d – қабырғаға түсетін іргетас табанының салмақ ортасына қатысты қабырғаның барлық күштерінің есептік моменттерінің алгебралық сомасына тең есептік аудару моменті, кНм;

M_r – сол нүкте бойынша ұстап тұру күштерінің есептік моменті, кНм;

F_s – имарат тағайындалуы бойынша сенімділік еселеуіші, 8.2 Кесте бойынша алынады.

8.11.5 G_1, G_2, G_3, G_4 атты салмақтарға шартты түрде алынған бұзылу аумағы 4-ке бөлінеді (19 Сурет), ал олардың иіндері x_1, x_2, x_3 айналу ортасы бойынша бөлінеді.

8.11.6 Келесі формула бойынша тірек қабырғаның тұрақтылық коэффициенті анықталады:

$$\gamma_{sf} = \left[\operatorname{tg} \varphi + \frac{c \cdot s}{1 - \left(\frac{M}{Gr} \right)^2} \right] \sqrt{\left(\frac{Gr}{M} \right)^2 - 1}, \quad (8.39)$$

мұнда φ - ішкі үйкеліс бұрышы, град;

c – ілініс, кПа;

s – шенберцилиндрлік беттің доғасының ұзындығы, м;

M – барлық әрекет ететін күштердің есептік моменті:

$$M = G \cdot x_0 = Gr \cdot \sin \delta, \quad (8.40)$$

G – барлық салмақтық жүктемелердің тең әсерлеушісі:

$$G = G_1 + G_2 + G_3 + G_4, \quad (8.41)$$

x_0 – айналу ортасы бойынша біртекті барлық күштердің G иіні:

$$x_0 = \frac{M}{G} = \frac{G_1 \cdot x_1 + G_2 \cdot x_2 + G_3 \cdot x_3}{G_1 + G_2 + G_3 + G_4}, \quad (8.42)$$

δ – нормальдан щеңберге G күшінің көлбеулік бұрышы, град;

r – шенберцилиндрлік беттің радиусы, м.

9 ТІРЕК ИМАРАТТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

9.1 Тірек имаратының еңіс келбетінің ерекше жағдайлары

9.1.1 Белгілі бір a қашықтығында қабырғаның (20-сурет) артқы шетінің үстінгі жағынан басталатын шексіз еңіс созылатын жағдайда оны тірек имаратының

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

қабырғасының артқы шегіне қиылысқанша дейін жалғастырады, содан кейін қысымның екі эпюрасы құрылады:

1) Бірінші эпюра горизонталь үйінді бетіндегі қабырға биіктігі үшін h (астынғы ординатасымен);

2) Екінші эпюра үйінді беті еңіспен шектелген жағдайдағы h_1 биіктігі бар қабырға үшін (астынғы ординатасымен).


9.1.2 Бір-біріне салынған эпюралар ординаталарының тереңдігі бойынша ең үлкен мәні есептік ретінде таңдалынады.

9.1.3 Қысым эпюрасы үш эпюрадан тұрады (20.б-сурет), егер үйінді беті сынған түрінде болған жағдайда:

1) Үйінді жазықтығы горизонтальды түрде h қабырға биіктігіне арналған бірінші эпюра (астынғы ординатасы);

2) Еңіспен шектелген үйінді беті h_1 қабырға биіктігіне арнылған екінші эпюра (астынғы ординатамен);

3) Үйінді беті горизонтальды түрде $h+h_2$ қабырға биіктігіне арналған үшінші эпюра (астынғы ординатасы).



20-сурет – Тірек имараты еңісінің келбетінің ерекше жағдайы

9.1.4 Екі жағдайда да теңәсерлі қысым толық қысым эпюраларымен анықталады.

9.2 Тірек имаратының қабырғасының құралымының келбетінің ерекше жағдайлары

9.2.1 Қабырға шетінің келбеті қисықсыздықты болғанда қандай да болсын тереңдіктегі z_i қысым интенсивтілігін келесі формулалар арықыл анықтайды:

$$e_a = \gamma_{fs} \cdot z_i \cdot \xi_a, \quad (9.1)$$

мұнда γ_{fs} - төгілме топырақтың меншікті салмағы, кН/м³;

z_i – активті қысым интенсивтілігі анықталатын үйінді бетінен тереңдікте жатқан қарастырылатын нүктенің тереңдігі, м;

ξ_a -топырақтың бүйірлі активті қысым еселеуіші.

9.2.2 Топырақтың бүйірлі активті қысым еселеуіші анықталатын формула:


$$\xi_a = \left[\operatorname{tg} \left(45^\circ - \frac{\varphi + \varepsilon}{2} \right) + \operatorname{tg} \varepsilon \right]^2 \cos^2 \varepsilon, \quad (9.2)$$

мұнда φ – ішкі үйкеліс бұрышы, град;

ε – вертикальға қабырғаның көлбеулік бұрышы, град.

9.2.3 Тең әсерлі қысым толық эпюра қысымдары ретінде анықталады.

9.2.4 Ережеге сәйкес қисықсыздықты келбеті бар қабырғаны материалдар бойынша шығындарды азайтуға, қабырғаға қысымды азайту үшін қолданады (кері есеп). Қабырғаның артқы бетіне сынықты келбетін беру арқылы тереңдік бойынша әрбір шетіне қысым берілу үшін, ал қабырғаға қысымның интенсивтілігі тұрақты мәнге жеткізу үшін жасайды (21-сурет).



21-сурет – Тірек имараты қабырғасының құралым келбетіндегі ерекше жағдайлар

9.3 Топырақтың әр түрлі қабаттылығының әсері

9.3.1 Егер тірек имаратының қабырғасымен ұсталып тұратын топырақ әртүрлі қабатты құралымдарға ие болса (22-сурет), онда бірінші жоғарғы қабат бойынша қабырғаға қысым анықталады және астыңғы ординатасымен, қысым интенсивтілігінің эпюрасы құралады, ол келесі формуламен анықталады:

$$e_a = \gamma_{fs}^I \cdot z_I \cdot \xi_a^I, \quad (9.3)$$

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

9.3.2 Келесі (екінші) қабаттың қысым интенсивтілігін анықтағанда жоғарғы қабаттың салмағы берілген жүктеме интенсивтілігі ретінде қарастырылады, сол себепті екінші қабаттың қысым эпюраларының жоғарғы және төменгі ординаталары келесі формулалармен анықталады:

$$e_a^2 = \gamma_{fs}^1 \cdot z_1 \cdot \xi_a^2, \quad (9.4)$$

$$e_a^2 = (\gamma_{fs}^1 \cdot z_1 + \gamma_{fs}^2 \cdot z_2) \xi_a^2, \quad (9.5)$$

9.3.3 Сәйкесінше келесі n-ші қабаттың қысым эпюраларының жоғарғы және төменгі ординаталары мына формуламен анықталады:

$$e_a^n = (\gamma_{fs}^1 \cdot z_1 + \gamma_{fs}^2 \cdot z_2 + \dots + \gamma_{fs}^{n-1} \cdot z_{n-1}) \xi_a^n, \quad (9.6)$$


$$e_a^n = (\gamma_{fs}^1 \cdot z_1 + \gamma_{fs}^2 \cdot z_2 + \dots + \gamma_{fs}^n \cdot z_n) \xi_a^n, \quad (9.7)$$

9.3.4 Егер топырақтың бір қабаты суөткізгіш болса, онда жерасты суларының әсерлерін есепке алмай эффективтік қысым анықталады, яғни топырақтың барлық кеуектері суға толтырылған деген шарт қарастырылады.

9.3.5 Қысым эпюралары қабаттар арасында әр түрлі шамала болады, егер әр түрлі қабаттардың топырақтың меншікті салмағы мен ішкі үйкеліс бұрышы φ шамалары әр түрлі болса.

9.3.6 Төгілме бетінде тұтас біртекті жүктеме P болғанда, ол (9.6) – (9.7) формулалардың әрқайсысына қосынды ретінде кіреді және берілген қабатқа сәйкес ξ_a шамасына көбейтілу керек.

9.3.7 Әрбір қабаттың топырағының активті қысымының күші сәйкесінше қысым эпюрасы ауданының мәніне тең, ал бірәрекеттісі – эпюраның тұтас ауданына тең.



22-сурет – Төгілме топырағының әр түрлі қабаттылығының әсері

9.4 Жерасты су қысымының әсері

9.4.1 Топырақ кеуектерінде бос су екі түрлі болуы мүмкін:

- 1) Ауырлық күштің әсерінен болатын гравитациялық су;
- 2) Ауырлық және қайқы менисктің капилляр керілісінің күштер әсерінен болатын капилляр суы.

9.4.2 Жер асты сулары екі күйде болуы мүмкін:

- 1) Статикалық;
- 2) Динамикалық;

9.4.3 Статикалық күйде болатын және топырақ кеуектерін толтыратын гравитациялық су үш түрлі әсер береді:

- 1) тірек имараттың қабырғасына гидростатикалық қысым береді;
- 2) топырақты теңгереді, сол арқылы топырақтың көлемдік салмағын азайтады;
- 3) тірек қабырғаға қысымның артуына алып келетін жылжуға кедергіні төмендетеді.

9.4.4 Жерасты сумен түсіретін не қабылдайтын қысым бейтарап не кеукті болуы мүмкін, ал өлшенген не өзіне қабылдайтын топырақ қаңқасының қысымы эффективті болады.

9.4.5 Көлбеулігі бар тірек имаратының қабырғасына түсетін гидростатикалық қысымның (23-сурет) шартты интенсивтілігі келесі формуламен анықталады:

$$e_w = \frac{\gamma_w \cdot h_w}{\cos \varepsilon}, \quad (9.8)$$

мұнда γ_w – судың меншікті салмағы, 10 кН/м^3 тең;

h_w – жерасты суларынан тереңдігі, м;


ε – вертикальға қабырғаның көлбеулік бұрышы, град.

9.4.6 Тірек имаратының іргетас табанына су қысымы трапеция бойынша таралған деп қарастырылады (23-сурет), ар тең әсерлігі келесі формула бойынша анықталады:

$$P_w = \gamma_w \cdot b \frac{h_w^1 + h_w^2}{2}, \quad (9.9)$$

мұнда b – іргетас табанының ені, м;

h_w^1 және h_w^2 – жерасты сулары деңгейінің тереңдігі (Сурет 23), м.



23-сурет – Топырақ су қысымының әсері

9.4.7 Демек, егер қабаттардың бірі сүзгізбейтін болса, онда ол сумен толтырылғанда теңгерілмейтін болады, соған сәйкес осы қабатта судың бейтарап қысымдары болмайды. Тиімді қысым, осы жағдайда, кеуектердің толық сумен толтырылу шартымен анықталады (24-сурет).

9.4.8 Астына бағытталған сүзгіштік кезінде су күші азаюынан судың бейтарап қысым эпюрасының ординатасы келесі шамаға азаяды:


$$\Delta p_w = \frac{\gamma_w \cdot \Delta h}{\cos \varepsilon}, \quad (9.10)$$

мұнда Δh – сүзгіштік ұзындығы h_f жолындағы су ағысының азаюы (Сурет 25), гидравликалық есептеуден анықталады, м.

Осы жағдайда гидродинамикалық әсер төмен бағытталған және суды өлшеуіш қысымын азайтады. Демек, жердің бетінен h_f тереңдігінде сүзгіштік жолдың соңында қаралатын топырақтың эффективті көлемдік салмағы келесі формуламен анықталады:

$$\gamma_{ef} = \gamma_b + \frac{\gamma_w \cdot \Delta h}{h_f(1+e)}, \quad (9.11)$$

мұнда γ_b – судың өлшеуші әсерін есепке алуымен меншікті салмақ, кН/м³;
 e – кеуектілік коэффициенті.



24-сурет – Жерасты сулары қысымының әсері

9.4.9 Сүзгіштігі жоғары бағытталған гидродинамикалық қысым судың қысымын үлкейтеді. Осы жағдайда топырақтың эффективті көлемдік салмағы келесі формула бойынша анықталады:

$$\gamma_{ef} = \gamma_b - \frac{\gamma_w \cdot \Delta h}{h_f(1+e)}, \quad (9.12)$$

Судың бейтарап қысымның төменгі ординатасы Δp_w шамаға үлкейеді (формула 9.10).


9.4.10 h_k (к.с.д) биіктігіне капиллярлы тарту күштерімен гравитациялық су деңгейінен көтерілген капиллярлы су тірек имаратының қабырғасына теріс қысым береді (26-сурет) және топыраққа қасымша вертикалды жүктеме тудырады:

$$p_k = \gamma_w \cdot h_k, \quad (9.13)$$


Капилляр көтеріліс аумағында топырақ кеуектері сумен толтырылады, сонда топырақтың көлемдік салмағы келесі формула бойынша анықталады:

$$\gamma_{sat} = \frac{\gamma_s + e\gamma_w}{1 + e}, \quad (9.14)$$

мұнда γ_s – топырақ түйіршіктері материалының меншікті салмағы, кН/м³.



25-сурет – Жерасты суларының сүзгіштігінің әсері



26-сурет – Капиллярлы судың әсері

10 ЕҢІСТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ

10.1 Щенберцилиндрлік сырғанау беттерінің аналитикалық әдісі

Сыртқы баға үшін де, еңістің орнықтылығының ішкі бағасы үшін де щенберцилиндр сырғанау беттерінің әдісін қолдану үйіндінің құралымының орнықтылығы бола алады.


10.1.1 Крей-Терцаги аналитикалық әдісі.

Крей-Терцаги әдіс еңістердің орнықтылығының бағалары үшін еңістің орнықтылықты бұзылысы кесекпен және айналумен бұзылі пішінінде бола алғанын айтады.

10.1.2 Еңістің орнықтылығының дәрежесі сырғанауды өте қауіпті доғаның орталығы туралы жылжып келе жатқан күштердің моментіне тұтқыр күштердің моментінің қатынасы бойынша анықталатын (сенімділік еселігі) орнықтылықтың қор коэффициенті мәні бойынша бағаланады:

$$F_s = \frac{M_r}{M_d} \quad (10.1)$$

10.1.3 Сенімділік еселігінің анықтау үшін ерекшеленген шығырлардың қатарына тік қималармен сырғанау қисықтармен шектелген бөлімді есептеуде, ені бойынша шамалап бірдей шығырлар қатарына вертикалды қималармен (27-сурет) бөледі. Шығырлардың шекаралары еңістің сызығының сынуы орындарында белгілейді, сырғанау беті бар еңістің әр түрлі жіктерінің шекараларының қиылысуы орындарына тағайындалады.



27-сурет – Крей-Терцаги әдісі бойынша есептік сұлба

10.1.4 Әрбір шығырдың l_i енін есептеуін қарапайымдау үшін ол шартты түрде түзу сызықпен алынады. Ауданды есептегендегі қателесу шамасын азайту үшін шығырдың ені 2-3 м артық алмау керек.

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

10.1.5 Көкжиекке сырғанау бетінің көлбеу бұрыш әрбір шығыр үшін α , блоктың ортасы бойынша шығыр биіктігі h_i қабылданады.

10.1.6 Статикалық тепе-теңдікке жету үшін келесі шарт орындалуы керек:

а) барлық вертикаль күштер сомасы $\sum F_V = 0$

б) горизонталь күштер сомасы $\sum F_H = 0$

в) Қандай да бір нүкте манайындағы моменттер сомасы $\sum M = 0$

10.1.7 Барлық еңіс те, жеке шығырларға де тепе-теңдік шарттары қанағаттандыруы керек.

10.1.8 Жалпы тұрақтылықты есептеу үшін әрбір шығыр жұмыс істейтін күштерді анықтау керек:

1) G_i блоктың ауырлық центр қосымша тіркелген күш;

2) Ұстағыш күш t_r ;

3) Ұстағыш момент M_r ;

4) Жылыжтушы күш t_d ;

5) Жылжыту моменті M_d .

10.1.9 G_i күші блоктың өз массасына тең, келесі формуламен анықталады:

$$G_i = S_i \cdot \gamma_i, \quad (10.2)$$

мұнда $S_i = l_i \times h_i$ – қарастырылатын шығырдың ауданы, м;

γ_i – қарастырылатын шығыр топырағының меншікті салмағы, кН/м³;

БЗ Қосымшасының кестесі бойынша түріне байланысты топырақтың меншікті салмағының орташа шамаларын анықтауға болады.

10.1.10 t_r сырғанау бетіндегі шығырдың топырақ реакциясы немесе ұстап тұру күші келесі формула бойынша анықталады:

$$t_{ri} = c \cdot l_i + N_i \cdot \tan \varphi, \quad (10.3)$$

мұнда φ – топырақтың ішкі үйкеліс бұрышы, град;

c – топырақ меншікті ілінісуі, кН/м²;

N – G_i шығырдың нормаль салмағын құрастырушы:

$$N_i = G_i \cdot \cos \alpha_i, \quad (10.4)$$

10.1.11 M_r ұстап тұру моменті формуласы:

$$M_r = R \sum t_{ri} = R \sum N_i \cdot \tan \varphi_i + R \sum c_i \cdot l_i, \quad (10.5)$$

α – көкжиекке қатысты сырғанау бетінің көлбеулік бұрышы.

10.1.12 Әрбір шығырдағы жылжыту күштерінің t_d формуласы:

$$t_{di} = G_i \cdot \sin \alpha_i \quad (10.6)$$

10.1.13 Жылжыту моменті M_d формуласы:

$$M_d = R \sum t_{di} = R \sum G_i \cdot \sin \alpha_i \quad (10.7)$$

10.1.14 Қабылданған сырғанау беті үшін еңіс орнықтылық еселеуіші келесі формула бойынша анықталады:

$$F_s = \frac{R \cdot \sum N_i \cdot \tan \varphi_i + R \cdot \sum c_i \cdot l_i}{R \sum t_{di}} \quad (10.8)$$

10.1.15 Егер орнықтылық еселеуіші 1,5 аспаса, үйіндінің еңісі орнықты болып есептеледі, басқа жағдайда еңісті күшейту шарасын қолдану керек.

10.1.16 Бишоп аналитикалық әдісі

Еңістердің ортақ орнықтылығының есептеуінде Бишоптың ықшамдалған әдісімен есептегенде шығырлар арасында пайда болатын көлденең күштерді есепке алады (Сурет 28).

$$G_i + X_{1i} + X_{2i} = N_i \cdot \cos \alpha + t_i \cdot \sin \alpha_i, \quad (10.9)$$

мұнда X_1, X_2 – шығырлар арасындағы көлденең күштер, кН;

t_i – (шығыр асты) беттің шекарасындағы көлденең күштер:


$$t_i = \frac{I}{F} \left[c' \cdot l_i + (N_i' - u \cdot l_i) \tan \varphi' \right], \quad (10.10)$$

мұнда φ' және c' - ішкі үйкелісті бұрыш және топырақтың ілінісуін қатысты мәндер.

10.1.17 Вертикалды бағытта күш проекциялау арқылы:

$$G_i = N_i' \cos \alpha_i + u \cdot l_i \cos \alpha + \frac{c' \cdot l_i}{F} \cdot \sin \alpha + \frac{N_i'}{F} \tan \varphi' \cdot \sin \alpha_i, \quad (10.11)$$

$$N_i' = \frac{\left[G_i - \left(\frac{c' \cdot l_i}{F} \right) \sin \alpha_i - u \cdot l_i \cdot \cos \alpha_i \right]}{\left[\frac{\cos \alpha_i + \tan \varphi' \cdot \sin \alpha_i}{F} \right]}, \quad (10.12)$$



28-сурет – Бишоп әдісі бойынша есептік сұлба

10.1.18 Көлденең күштердің есепке алуымен сенімділік еселігі сонда мынаған тең:

$$F_s = \frac{I}{\sum G_i \cdot \sin \alpha_i} \cdot \frac{\sum [c' \cdot l_i + \tan \phi' (G_i - u \cdot l_i + X_{li} - X_{2i})]}{\cos \alpha \left(1 + \frac{\tan \alpha \cdot \tan \phi}{F_s} \right)}, \quad (10.13)$$


Егер тік құрайтын көлденең күш болса ($X_1, X_2 = 0$), онда (10.13) теңдігі былай болады:

$$F_s = \frac{I}{\sum G_i \cdot \sin \alpha_i} \cdot \left[\frac{c' \cdot l_i + \tan \phi' (G_i - u \cdot l_i)}{\cos \alpha \left(1 + \frac{\tan \alpha \cdot \tan \phi}{F_s} \right)} \right] \quad (10.14)$$

10.1.19 (10.13) және (10.14) теңдеулердегі F_s -тың мәні сол жақтан да оң жақтан да берілген, сол себепті шешім бірнеше жуықтаулар арқылы алынуы мүмкін. Есептеу F_s кез-келген мәнінен басталады және (10.13) мен (10.14) формулалары бойынша F_s мәніне келгенше дейін қайталайды.

10.2 Графикалық әдіс. Аудандар тәсілі

10.2.1 Аудандардың әдісінің мәні есептеу үшін қажетті нормалы және тангенс күштерінің шамасы және олардың жиынтық мәндері орнықтылық еселеуіші 29-суреттермен график түрінде анықталады.



29-сурет – Аудандардың әдісті еңістің орнықтылығының график түрінде есептелуі

$$F_s = \frac{\sum N \cdot \operatorname{tg} \varphi + c \cdot l + \sum t_r}{\sum t_d}, \quad (10.15)$$

мұнда

$$\sum N \cdot \operatorname{tg} \varphi = \sum (N + N_i) \operatorname{tg} \varphi, \quad (10.16)$$

$$c \cdot l = \frac{\pi \cdot R}{180} \cdot c \cdot \alpha, \quad (10.17)$$

$$\sum t_{r(d)} = \sum T_i + T, \quad (10.18)$$

мұнда F_s – тұрақтылық коэффициенті;

$N_i T_i$ – топырақ салмағының нормаль және тангенциаль құраушылары (t_d – активті аумақтар, t_r – пассивті);

N, T – негізгі алаңға нормалы және тангенс құрайтын жүктемелері (P);

γ – топырақтың меншікті салмағы, т/м3;

c – топырақтың меншікті ілінісуі, т/м2;

l – сырғанау бетінің ұзындығы, м;

R – сырғанау қисығы радиусы, м;

α – орта бұраш, топырақтың сырғанау бетін анықтайды.

10.2.2 Есептеулер келесі тізбектерде орындалады:

1) 1:100 немесе 1:200 масштабта есепті қисықтарды келтіретін жер төсемінің көлденең профілі сызылады;

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

2) кәдімгі есептеудегідей есептік қисықпен шектелген бөлікті шығырларға бөледі; шығырларды шектейтін сызықтардың түйіскен нүктелер арқылы оның ортасынан сырғанау қисығымен бірге радиус жүргізеді;

3) еңістің сызықтарының және шығырлардың шекарасының қиылысуында жататын нүктелерден сырғанау қисығына тиісті нүктелері арқылы өтетін радиустарға перпендикулярларды түсіреді;

4) N_i және T_i (1 т/м^3 -ке тең топырақтың көлемдік салмағы) мәндеріне сәйкес алынған кесінділерді сырғанау қисығынан проекциясы болып табылатын горизонтальды сызықтан орналастырады. Нормаль және тангенциаль күштер «плюс» таңбасымен болғанда жоғары бөліп шығарып қояды, ал тангенциальды «минус» таңбасымен – төмен жаққа бөліп шығарады. Барлық кесінділердің шеттерін қисықтармен жалғастырады;

5) нормаль және тангенс күштерінің сызықтары және көлденең сызықтармен шектелген фигуралардың аудандарын анықтайды ω_1 , ω_2 , ω_3 , және нормаль мен тангенциаль күштерінің жиынтық мәндерін есептейді:

$$\sum N_i = \omega_1 \cdot \gamma \cdot l, \quad (10.19)$$

$$\sum t_d = \omega_2 \cdot \gamma \cdot l, \quad (10.20)$$

$$\sum t_r = \omega_3 \cdot \gamma \cdot l, \quad (10.21)$$

мұнда ω_1 – көпбұрыштың нормаль күштердің шамасын анықтайтын аудан, м^2 ;

ω_2 , ω_3 – сәйкесінше ұстап тұратын және жылжытатын тангенциаль күштерінің мәндерін көрсететін көпбұрыштардың ауданы, м^2 ;

γ – топырақтың меншікті салмағы, кН/м^3 .

Сырғанау беті бойынша жұмыс істейтін ілініс күші келесі кәдімгі әдіспен анықталады: $\tilde{n} = \sum \tilde{n}_i \cdot l_i$.


Орнықтылық еселеуіші алған мәндердің есепке алуымен есептеледі $\sum N_i, \sum T_i, \sum c_i \cdot l_i$.

Анықталған сырғанаулардың критикалық қисығы арқылы негізгі әдіс бойынша тұрақтылық еселеуішінің соңғы есептеуін жасайды.

10.3 Параллель сырғанау беттерінің аналитикалық әдісі

10.3.1 Еңістердің орнықтылығының бағалануы үшін еңістің параллель бетін потенциалдық сырғанау беті ретінде есептейді, ал оның орналасуының тереңдігі еңіс ұзындығымен салыстырғанда аз. Осындай жағдайда еңістің ұзындығы шексіз деп алынады, ал оның тұрақтылығын сараптағанда берліген локальды аумақты қарастырумен шектелуге болады.

30-суретте параллель сырғанау беттерінің әдісінің есептік сұлбасы көрсетілген.



30-сурет – Параллель сырғанау беттер әдісі

10.3.2 Демек, егер жер астындағы су деңгейі сырғанау беті және топырақ бетінің арасында жатса, топырақ суға толық қаныққан күйде емес, сенімділік еселігі келесі формула бойынша анықталады:

$$F_s = \frac{tg\varphi}{tga} \quad (10.22)$$

10.3.3 Егер жер астындағы су деңгейі жердің бетімен дәл келсе, сенімділік еселігі келесі формула бойынша анықталады:


$$F_s = \frac{\gamma' \cdot tg\varphi}{\gamma_{sat} \cdot tga} \quad (10.23)$$

мұнда γ_{sat} – суға қаныққан күйдегі топырақтың дара салмағы, кН/м^3 .

11 АНКЕРЛЕР ҚОЛДАНЫЛҒАН ТІРЕК ИМАРАТЫН ЕСЕПТЕУ

11.1 Қағу тереңдігі үлкен болмағанда анкер түріндегі тірелуі үстінде қабырғаны жоғарғы жағында тірелген шарнирлі жүйе ретінде есептейді.

11.2 Активті қысым артқы жақтан есепке алынады, ал пассивті - алдыңғы жақтан (31-сурет).



31-сурет – Анкерді қолдану арқылы тұрғызылған тірек имаратының есептік сұлбасы

11.3 Активті қысымның интенсивтілігі e_a , активті қысымның теңәсерлеушісі E_a , оның вертикальды және горизонтальды құраушылары E_{ah} және E_{av} , пассивті қысымның интенсивтілігі e_p , оның вертикаль және горизонталь құраушылары E_{ph} және E_{pv} 8-бөлімге сәйкес анықтайды.

11.4 Аударылуға және жылжуға тірек құралымның орнықтылығының тексерулерін жасайды, сенімділік еселігін 8.4 және 8.5 бөлімшелерге сәйкес анықтайды.

11.5 Егер 8.4.3 немесе 8.5 шарттар орындалмаса, N анкер тартуына есептеу өткізу керек.

11.6 N_a анкер тартуын қабырға жұмыс істейтін горизонталь оське проекциясы бойынша анықталады:

$$N_a = \sum Q_d - \sum Q_r, \quad (11.1)$$

мұнда Q_d – есептік жылжыту күші, жылжу бағытта жатқан жылжыту күштердің проекцияларының тең сома, кН;

Q_r – есепті тұтқыр (ұстап тұрушы) күш, мүмкін жылжу бағытта тұтқыр күштердің проекцияларының тең сома, кН.

11.7 Анкердің керекті ұзындығын анықтайды, ол төгілме топырақтары мен анкер материалы арасындағы жылжу қарсылығына байланысты болады.

11.8 Жұлқаға анкердің шамасын ығысу кедергісіне қатысты лабораториялық сынақтармен анықтайды.

11.9 Анкердің тиісті ұзындығы келесі шарттан анықталады:

$$2\tau \cdot F_a \cdot L_a = F_p \cdot N_a, \quad (11.2)$$

$$L_a = \frac{F_p \cdot N_a}{2\tau \cdot F_a}, \quad (11.3)$$


мұнда τ – төгіндінің топырағы мен анкер материалының аралығында ығысу кедергісі;

F_a – сенімділік еселеуіші, 0,75 деп алынады;

L_a – анкердің керекті ұзындығы;

F_p – 1,2 тең деп алынған жүлқуға қатысты анкердің сынағының сенімділік еселеуіші;

11.10 (11.3) формула бойынша анықталған анкердің ұзындығы бұзылудың шартты түрдегі сызығы деп алынады (32-сурет).




32-сурет – Анкердің жұмысы

12 ҚАДАЛЫ ІРГЕТАС ҚОЛДАНЫЛҒАН ТІРЕК ИМАРАТЫН ЕСЕПТЕУ

12.1 Демек, анкер бекіткіші тәрізді қада да, солай сияқты 8.4.3 немесе 8.5 шарттардың іске аспаған жағдайында, тірек имаратының тұрақсыз болған кезінде құрылымдық шешім болып табылады.

12.2 Қаданың қолдануы бар тірейтін имараттың есептік сұлбаларының кейбір нұсқалары 33-суретте көрсетілген.



33-сурет – Қаданы қолдану арқылы тірек имаратының есептік сұлбалары

12.3 Активті қысымның интенсивтілігі e_a , активті қысымның теңәсерлеушісі E_a , оның вертикальды және горизонтальды құраушылары E_{ah} және E_{av} , пассивті қысымның интенсивтілігі e_p , оның вертикальды және горизонтальды құраушылары E_{ph} және E_{pv} 8 Бөлімге сәйкес анықталады.

12.4 Қаданың N_p горизонтальды күштерге қарсыласуы қабырға жұмыс істейтін горизонталь оське проекциясы бойынша анықталады:

$$N_{\delta} = \sum Q_d - \sum Q_r, \quad (12.1)$$

мұнда Q_d – есепті жылжып келе жатқан күш, бағытта жылжып келе жатқан күштердің проекцияларының тең сомасына жылжу болуы мүмкін, кН;

Q_r – есепті тұтқыр күш, бағытта тұтқыр күштердің проекцияларының тең сомасына жылжу болуы мүмкін, кН;

12.5 Горизонтальды күштерге қатысты қадаларды тексеру:

$$N_{\delta} \cdot F_s \leq R_p \cdot n, \quad (12.2)$$

мұнда F_s – сенімділік коэффициенті, 1,2 деп алынады;

R_p – жер жағдайларының көлденең жүктемесі, қаданы көлденең қима және ұзындықтың оның материал тәуелді болатын қадалары есепті кедергі;

n – тірек имараттың қаралатын бөлімшесіндегі қаданың жалпы саны.

12.6 Көлденең жүктемеге қаданы есепті кедергісі формула бойынша анықталады:

$$R_p = \frac{R_{p,n}}{F_s}, \quad (12.3)$$

мұнда F_s – сенімділік коэффициент, келесідей анықталады:

1) Егер көлденең жүктемелерге қаданы кедергі дала сынауларының нәтижелері бойынша анықталса, 1,2 тең деп қабылданады;

2) Егер көлденең жүктемелерге қаданы кедергі есептеулер бойынша анықталса, негіздің сынаулары нәтижелер негізінде, немесе 12.1-кесте бойынша 1,4 тең деп қабылданады.

$R_{p,n}$ – горизонталь жүктемеге қаданың нормативтік қарсыласуы.

12.7 Қаданың қарсыласуын анықтау үшін горизонтальды жүктемелерге статикалық сынақтарды өткізу ұсынылады.

12.8 Горизонталь жүктемеге қаданың қарсыласуы.

12.1-кесте – Горизонталь жүктемеге қаданың қарсыласуы


| Негіз топырағы | Қағылу тереңдігі (қағылу) | | Қаданың қарсыласуы, κH | | | | | |
|---|------------------------------|----------------|--|-------|-------|--|-------|-------|
| | ағаш | темірбе тон | Ағаш, қимасы a (диаметр d), см | | | Темірбетон, қимасы a (диаметр d), см | | |
| | | | 30x30 | 35x35 | 45x45 | 30x30 | 35x35 | 45x45 |
| | | | (30) | (40) | (50) | (30) | (40) | (50) |
| Орташа тығыздықты құмдар, құмдақтар, тұтқыр иілгішті саздақ пен саздар | 4,5d | 6a | 26 | 37 | 28 | 60 | 70 | 80 |
| Тозанды құмдар мен құмдақтар, жұмсақилігішті саздақ пен саздар | 5d | 7a | 14 | 15 | 16 | 25 | 30 | 35 |
| Ақпа иілгішті саздақ, саз, құмдақ, балшықтар | 6d | 8a | 5 | 5,5 | 6 | 10 | 15 | 20 |

13 АРМИРЛЕУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҮЙІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ

13.1 6,7 бөлімдерде келтіріліген әдістердің бірімен критикалық сырғанау беті анықталады.

13.2 Критикалық жазықтықты жылжытатын және ұстап тұрушы момент күштері анықталады (34-сурет M_r и M_d).

13.3 F_s армирленбеген үйіндінің тұрақтылық қорының еселеуіші анықталады, ол 10 Бөлімдегі әдістердің біріне сәйкес болады.



34-сурет – Еңісті армирлеудің есептік сұлбасы

13.4 Егер 10.1 шарты орындалмаса, онда армирлеу элементтерінің анкер ұстап тұрушысын есептеу керек.

Армирлеудің элементінің ұстап тұру күші N_a горизонтальды күштерге қарсыласуы қабырға жұмыс істейтін горизонталь оське проекциясы бойынша анықталады:

$$N_a = \sum Q_d - \sum Q_r, \quad (13.1)$$

мұнда Q_d – есепті жылжып келе жатқан күш, бағытта жылжып келе жатқан күштердің проекцияларының тең сомасына жылжу болуы мүмкін, кН;

Q_r – есепті тұтқыр күш, бағытта тұтқыр күштердің проекцияларының тең сомасына жылжу болуы мүмкін, кН.

13.5 Армирлеу элементінің керекті ұзындығын анықтайды, ол анкер материалы мен үйінді топырағының жылжуға қарсыласуына тәуелді болады. Жылжуға қарсылық шамасын жұлға армирлеу элементін лабораториялық сынаулар арқылы анықтайды.

13.6 Келесі шарт бойынша армирлеудің элементінің керекті ұзындығы анықталады:

$$2\tau \cdot F_a \cdot L_a = F_p \cdot N_a \quad (13.2)$$

$$L_a = \frac{F_p \cdot N_a}{2\tau \cdot F_a}, \quad (13.3)$$

мұнда τ – армирлеу элементі мен үйінді топырағы арасындағы жылжуға қарсыласуы;

F_a – сенімділік еселеуіші, 0,75 тең деп алынады;

L_a – армирлеу элементінің керекті ұзындығы;

F_p – жүлуға армирлеу элементінің сынақтар бойынша сенімділік еселеуіші 1,2.

13.7 Армирлеу элементінің ұзындығы (13.3) формулесы бойынша анықталған, ол бұзылу сызығының шартты түрі ретінде алынады.

13.8 Ары қарай 10.1 шарты бойынша есептеме жүргізіледі.

14 ГЕОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫМДАРДЫҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА БАРЛАУ

14.1 Негіздің барлауын сәйкес керекті құрал-жабдықтармен өткізу керек, егер:

1) егер шекті күйлердің келіп қалу қаупі мүмкіндігі төмендігін есептеу жұмыстарымен және тағы басқа шаралармен дәлелдеуге болмаса;

2) есептеудегі жорамалдар сенімді мәліметтерге негізделмесе.

14.2 Келесі факторлар туралы алу үшін барлау жүргізіледі:


1) топырақтығы кеуектегі қысымдар мен жерасты суларының деңгейі бойынша барлау, мұнда эффективті кернеулер бойынша есептеулер жүргізу мүмкіндігі болуы керек;

2) әрі қарай болатын деформацияларды болжау үшін арналған горизантальды мен вертикальды жылжуларды анықтау;

3) жобалау мен қалпына келтіру жұмыстары үшін енігдердің беріктігін анықтауға жалжымадағы қазғалғыш беттің тереңдігі мен пішінің анықтау;


4) келе жатқан қауіпті куәләндыратын топырақ жылжығыштық жылдамдығы; мұндай жағдайларда апатты жағдайларды көрсететін дистанционды жабдықтар мен жүйелер керек.

А ҚОСЫМШАСЫ
(ақпараттық)
ЕҢІСТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ БҰЗЫЛУ ПІШІНДЕРІ




А.1-сурет – Айналу мен кесілу бойынша қирау

Горизонтады ось бойынша белгілі белгілі бір бұрылу арқылы шеңбер цилиндрлік пішінге жақын критикалық беке жақын кесілу бойынша еңістің бір бөлігінің жылжуы.




А.2-сурет – Отыру кезіндегі нақыс

Еңістің ішкі жағында немесе негізінде жатқан тұрақсыз топырақ қабаттарының сығу мен шығару арқылы бұйырлі жылжумен вертикальды деформациялар(отыру).



А.3-сурет – Сырғанау

Жерасты қабаттарының көлбеуліктері бойынша еңстіредің жылжуы ж.т.б.



А.4-сурет – Жылжымалы көшкін

Жер массалырының бүйірлі қысымы мен нашар қабат бойынша сүзгіштік қысым немесе сазды қабаттың горизонтальды жатуында оның дымқылданған беті бойынша горизонтальды жылжуы.

Б ҚОСЫМШАСЫ

(ақпараттық)

ЖАЛПЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ МЫСАЛДАРЫ**Мысал 1**

Тірек имаратының қабырғасына топырақтың активті мен пассивті қысымдарын аналитикалық әдіспен анықтау

Берілген**Қабырға өлшемдері:**

Үсті бойынша қалыңдығы $a = 1,2$ м;

Қабырға табанының қалыңдығы $b = 3,5$ м;

Қабырға биіктігі $H = 8$ м;

Іргетас биіктігі $d = 2$ м;

Артқы шетінің вертикальға қатысты көлбеулік бұрышы $\varepsilon = 8^{\circ}$.

Үйінді топырағы:

ұсақ құм, меншікті салмағы $\gamma_{\text{зас}} = 20$ кН/м³;

ішкі үйкеліс бұрышы $\varphi = 26^{\circ}$;

қабырғаның артқы шеті бойынша үйіндінің топырағының үйкеліс бұрышы $\delta = 2^{\circ}$;

көкжиекке қатысты үйінді бетінің көлбеулік бұрышы $\alpha = 10^{\circ}$.

Іргетас табаны астындағы топырақ (саз):

Меншікті салмақ $\gamma = 22$ кН/м³;

ылғалдылық $\omega = 0,17$;

қатты түйіршіктердің меншікті салмағы $\gamma_s = 28$ кН/м³;

іртгетас атсы бойынша есептік қарсыласу $R = 600$ кПа.

Үйінді беті бойынша түсетін жүктеме:

$q = 50$ кПа;

Есептеу:

Салмағы бойынша эквивалентті биіктігі h_q , болатын топырақ қабатына біртекті таралған жүктемені ауыстырамыз, формула (20):

$$h_q = \frac{q}{\gamma_{fs}} = \frac{50}{20} = 2,5 \text{ м},$$

(3) және (4) формулалар бойынша активті қысым коэффициенттерін анықтаймыз:

$$\xi_a = \frac{1}{(1 + \sqrt{z_a})^2} \cdot \frac{\cos^2(\varphi - \varepsilon)}{\cos^2 \varepsilon \cdot \cos(\varepsilon + \delta)} = \frac{1}{(1 + \sqrt{0,131})^2} \cdot \frac{\cos^2(26 - 8)}{\cos^2 8 \cdot \cos(8 + 2)} = 0,50;$$

$$z_a = \frac{\sin(\varphi + \delta) \cdot \sin(\varphi - \alpha)}{\cos(\varepsilon + \delta) \cdot \cos(\varepsilon - \alpha)} = \frac{\sin(26 + 2) \cdot \sin(26 - 10)}{\cos(8 + 2) \cdot \cos(10 - 8)} = 0,131,$$

Ескертпе - ε мен α мәндері теріс болғанда олардың алдындағы таңбалар теріс болып өзгереді

Активті қысымның интенсивтілік ординаталық эпюраларын анықтаймыз, (8.17) және (8.18) формулалары:

Қабырғаның жоғарғы жағы бойыеша активті қысымның интенсивтілігінің ордината эпюралары:

$$e_{aw} = \gamma_{fs} \cdot h_q \cdot \xi_a = 20 \cdot 2,5 \cdot 0,50 = 25 \text{ кН / м}$$

Іргетас табаны деңгейіндегі активті қысым интенсивтілігінің ордината эпюралары:

$$e_{af} = \gamma_{fs} \cdot (h_q + H) \cdot \xi_a = 20 \cdot (2,5 + 8) \cdot 0,50 = 105 \text{ кН / м},$$

Интенсивтілікті құраушы горизонталь e_{ah} мен вертикаль e_{av} құраушылардың өлшемдерін анықтау, формула (8.5) және (8.6):

$$e_{awh} = e_{aw} \cdot \cos(\varepsilon + \delta) = 25 \cdot \cos(8 + 2) = 24,6 \text{ кН / м},$$

$$e_{awv} = e_{aw} \cdot \sin(\varepsilon + \delta) = 25 \cdot \sin(8 + 2) = 4,34 \text{ кН / м},$$

$$e_{afh} = e_{af} \cdot \cos(\varepsilon + \delta) = 105 \cdot \cos(8 + 2) = 103,4 \text{ кН / м},$$

$$e_{afv} = e_{af} \cdot \sin(\varepsilon + \delta) = 105 \cdot \sin(8 + 2) = 18,23 \text{ кН / м}.$$

Активті қысымның тең әсерлі эпюраларын анықтау, формула (8.23):

$$E_a = \frac{e_{aw} + e_{af}}{2} \cdot H = \frac{105 + 25}{2} \cdot 8 = 520 \text{ кН}$$

Тең әсерлікті құраушы горизонталь E_{ah} және вертикаль E_{av} өлшемдерін анықтау формула (9) және (10):

$$E_{ah} = E_a \cdot \cos(\varepsilon + \delta) = 520 \cdot \cos(8 + 2) = 512,1 \text{ кН},$$

$$E_{av} = E_a \cdot \sin(\varepsilon + \delta) = 520 \cdot \sin(8 + 2) = 90,3 \text{ кН}$$

Биіктігі h болатын тірек қабырғасының іргетасының алдыңғы шетіне пассивті қысымның интенсивтілігін e_p өлшемін анықтау, формула (8.10) және (8.11):

$$e_p = \gamma_{fs} \cdot z \cdot \xi_p = 22 \cdot 2 \cdot 2,56 = 112,64 \text{ кН / м},$$

$$\xi_p = \text{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{\varphi}{2} \right) = \text{tg}^2 \left(45^\circ + \frac{26}{2} \right) = 2,56$$

Пассивті қысымының теңәсерлігін өлшемдерін анықтау, формула (8.12):

$$E_p = \frac{\gamma_{fs} \cdot h^2}{2} \cdot \xi_p = \frac{22 \cdot 2^2}{2} \cdot 2,56 = 112,64 \text{ кН},$$

ҚР НТҚ 07-01.6-2012

Пассивті қысымның теңәсерлік мәнін ең соңында E_p -нің $1/3$ бөлігі ретінде алынады, себебі шекті жылжулардан асатын кезде соққы реакциялары активизацияланады.

$$E_p = \frac{112,64}{3} = 37,5 \text{ кН},$$

Мысал 2

Тірек имаратының қабырғасына активті және пассивті қысымның анықтаудағы графоаналитикалық әдіс

Бастапқы мәндер – мысал 1.

Суретте Б1 графоаналитикалық тұрғызу нәтижелері көрсетілген, алынған үбұрыш келесі ауданға тең:

$$A = \frac{h \cdot a}{2} = \frac{7,25 \cdot 7,75}{2} = 28,1 \text{ м}^2,$$

$H+h_q$ биіктігі бар қабырғаға әрекет ететін активті қысымды анықтау формуласы (8.14):

$$E_{a,ref} = F \cdot \gamma_f = 28,1 \cdot 20 = 562 \text{ кН},$$

H биіктігі бар қабырғаға берілген қысымды анықтау үшін іргетас табаны мен тірек қабырғасының үстінгі деңгейлерінде активті қысымының интенсивтілік ордината эпюраларын анықтаймыз, олар графоаналитикалық анықталға, формула (8.20):

$$e_{af}^g = \frac{2 \cdot E_{a,ref}}{l \cdot (H + h_q)} = \frac{2 \cdot 562}{1 \cdot (8 + 2,5)} = 107,04 \text{ кН / м},$$


$$e_{aw}^g = e_{af}^g \frac{h_q}{H + h_q} = 107,04 \frac{2,5}{8 + 2,5} = 25,48 \text{ кН / м},$$

H биіктікпен берілген қабырға үшін активті қысымның теңәсерлігін анықтаймыз, формула (8.23):

$$E_a^g = \frac{e_{aw}^g + e_{af}^g}{2} \cdot H = \frac{107,04 + 25,48}{2} \cdot 8 = 535,2 \text{ кН},$$

Графоаналитикалық E_a^g пен аналитикалық E_a мәндер арасындағы айырмашылық 5%-тен аспауға тиісті:

$$\Delta = \frac{E_a^g - E_a}{E_a} \cdot 100 = \frac{535,2 - 520}{520} \cdot 100 = 2,92\% < 5\%.$$



Б.1-сурет – Графоаналитикалық әдіс

Мысал 3

Аударылуға қарсы тұрақтылықты есептеу

Берілге мәліметтер – мысал 1, мысал 2.

Есептеу:


Аударылуға қарсы тұрақтылық (8.36) формула бойынша анықталады. Ұстаптұрушы және аударма моменттер Б1 Кестесінде берілген.

Б.1-кесте – Ұстаптұрушы және аударушы моменттерді есептеу

| Нормативті күш, кН | Есептік күш, кН | Иің, м | Момент, кНм | |
|-------------------------|--------------------------------------|--------|-------------------------|--------------------|
| | | | Ұстап тұрушы күш, M_r | Аударма күш, M_d |
| $G_w=451 \text{ кН}$ | $G_w=0,9 \cdot 451= 406\text{кН}$ | 2,3 | 934 | |
| $G_f=187 \text{ кН}$ | $G_f=0,9 \cdot 187= 168\text{кН}$ | 2,0 | 336 | |
| $E_{ah}=512 \text{ кН}$ | $E_{ah}=1,2 \cdot 512= 614\text{кН}$ | 3,2 | | 1965 |
| $E_{av}=90 \text{ кН}$ | $E_{av}=1,2 \cdot 90= 108\text{кН}$ | 3,8 | 410 | |
| $E_p=37,5 \text{ кН}$ | $E_p=1 \cdot 37,5=37,5 \text{ кН}$ | 0,7 | 26 | |
| | | | 1706 | 1965 |

$$F_s \leq \frac{M_r}{M_d} = \frac{1706}{1965} = 0,87 < 1,5$$

Сәйкес (8.36) шарты орындалып тұр.



Б.2-сурет – Қабырғаның көлбеулік қимасы

Мысал 4**Жылжуға қарсы тұрақтылықты есептеу**

Берілген – мысал 1, мысал 2.

Есептеу:

